

М. Өтемісов атындағы БҚМУ ректораты, тарих және экономика, құқық факультетінің ұйымдастыруымен ағымдағы жылдың 27 қарашасы күні университеттің профессор – оқытушылар құрамы, студенттер, БАҚ өкілдерінің қатысуымен «Ұлт көшбасшысы: саяси тәжірибе, Қазақстан мемлекеттілігінің дамуы және қалыптасуындағы сара жолы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өткізілді. Конференция мақсаты Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Ұлт көшбасшысы ретіндегі рөлін саяси, экономикалық, әлеуметтік, құқықтық тұрғыдан талдап, түсіндіру, ҚР Конституциясында белгіленген «Ұлт лидері» түсінігін нақтылай отырып, лидер рөлінің маңызын ғылыми тұрғыдан ашып көрсету болып табылады.

Ұлт көшбасшысы ұлықталған күн

Аталмыш жиын барысында Қазақстанның қол жеткізген барша табыстары Елбасының есімімен тығыз байланысты екендігі, ол халқымыздың мемлекеттік мәртебе алған ана тілі, ұлттық салт-дәстүрі, бай мәдени мұрасының қайта жаңғыруына, барлық ұлттар мен ұлыстардың ынтымағы мен достығына, береке-бірлігіне ұйытқы болғандығы туралы да айтылды. Пленарлық мәжіліс университет ректоры, академик А.С.Иманғалиевтің алғы сөзімен басталып, тарих ғылымдарының кандидаты Ж.Ж. Жақсығалиев «Қазақ тарихын сүй - қазақ халқын сүй!» (Ұлт көшбасшысы Н.Ә.Назарбаевтың Ұлытаудағы ұлт туралы толғанысы мысалында), Батыс Қазақстан облысы Ұлттық Банк директоры міндетін атқарушы Г.К. Сатыбалдина «Тенге-символ независимости государства», Оренбург мемлекеттік университетінің доценті Е.И.Максименко (РФ, Оренбург қаласы) «Международно-правовая позиция государств-членов Евразийского Союза в рамках реализации принципа сотрудничества государств», Ресей халықтар достығы университетінің профессоры В.В. Калыгина (РФ, Мәскеу қаласы) «Казахстан и РУДН: отношения в сфере науки и образования», заң ғылымдарының кандидаты, доцент А.Ш.Маликованың «Елбасы Жолдауы - Қазақстан Республикасының құқықтық саясатының негізі» тақырыптарында жалғаса келе, Ардахан университетінің профессоры (Ардахан қаласы, Түркия



Республикасы) Орхан Сөйлемез «Қазақстан-Түркия қарым-қатынастары» жөнінде тікелей байланыс арқылы мәлімдеген баяндамасымен аяқталды.

Конференция барысында мәселелер талқыланып, секция жұмыстарымен жалғасын тапты.

«Отарәлі Бүркіт және тіл білімі мәселелері»

2 бет

С мечтой в сердце, на пути к вершине

3 стр.

ЖАС ТАЛАНТТАР ӨЗ ӨНЕРЛЕРІН ПАШ ЕТТІ

8 бет

«Жырғаласа жастар, жырғаласын!»

9 бет

В торжественной обстановке была открыта кафедра Ассамблеи народа Казахстана на факультете истории, экономики и права ЗКГУ им. Махамбета Утемисова. Символическую красную ленту в присутствии гостей из Российской Федерации, студентов и преподавателей университета перерезали аким Западно-Казахстанской области Нурлан Аскарлович Ногаев и ректор ЗКГУ им. Махамбета Утемисова Асхат Салимович Иманғалиев. Это праздничное событие стало первым пунктом в рамках международной научно-практической конференции «Народы сопредельных государств Казахстана и России на Евразийском пространстве: диалог и сотрудничество».

СОТРУДНИЧЕСТВО И СОГЛАСИЕ

Организаторами и учредителями мероприятия, который прошел в стенах ЗКГУ, стали акимат ЗКО, Ассамблея народов Оренбургской области Российской Федерации, Ассамблея народа Казахстана по Западно-Казахстанской области Республики Казахстан, Оренбургский государственный университет, НИИ истории и этнографии Южного Урала, Западно-Казахстанский государственный университет им. М.Утемисова.

Международная научно-практическая конференция открылась приветствиями акима ЗКО Н.А.Ногаева и Генерального консула РФ в г.Уральске С.М.Забитова.

«Гражданский долг каждого казахстанца – сохранение независимости нашей страны, которая невозможна без дружественных отношений с народами сопредельных государств. Без дружбы, как известно, нет развития, - сказал аким области Нурлан Ногаев.

Международная конференция, по словам акима, надежная диалоговая площадка, пример общения и сосуществования. Из 7,5 тыс км казахстанско-российской границы 1,5 тыс км приходится на Западно-Казахстанскую область. У народов наших двух стран, и конкретно двух областей – ЗКО и Оренбургской губернии, много общего, что является предпосылкой политических, экономических, гуманитарных, культурных и других связей.

О возможностях и перспективах общения и мирного сосуществования в рамках одного географического региона говорил Генеральный консул РФ в г. Уральске С.М.Забитов. Он, в частности, сказал, что ключевыми словами работы конференции являются сотрудничество и согласие.

С вступительным словом к участникам конференции обратился ректор ЗКГУ А.С.Иманғалиев. Он поблагодарил всех участников конференции за желание вести диалог, искать пути сотрудничества

между нашими странами. Несколько слов было сказано о кафедре АНК на факультете истории, экономики и права. Цель создания кафедры – научно-методическое сопровождение деятельности АНК.

А также это прямое указание Президента страны Нурсултана Абишевича Назарбаева, озвученное на XXI сессии Ассамблеи народа Казахстана «Стратегия «Казахстан-2050»: культура мира, духовности и согласия».

Пленарное заседание началось подписанием Меморандумов между Ассамблеей народа Казахстана ЗКО РК и Ассамблеей народов Оренбургской области РФ, между факультетом истории, экономики и права ЗКГУ им. М.Утемисова и НИИ истории и этнографии Южного Урала ОГУ.

На пленарном заседании с докладами выступили ученые из Оренбуржья и Приуралья.

В рамках конференции работали секции:
«Исторический опыт взаимодействия и взаимообогащения культур народов Казахстана и России»;

«Современные этнополитические и интеграционные процессы в Евразии»;

«Развитие языков и культур народов Евразии - важнейший фактор независимости и стабильности».

В конференции приняли участие ученые Оренбурга, Самары, Краснодара, Казахстана. Было представлено



75 научных докладов. По итогам конференции были приняты рекомендации и издан сборник научных материалов.

2014 жылдың 7 қарашасында М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің ұйымдастыруымен республикаға белгілі ғалым, ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері, филология ғылымдарының докторы, профессор Отарәлі Бүркіттің туғанына 60 жыл толуына арналған «Отарәлі Бүркіт және тіл білімі мәселелері» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

«Отарәлі Бүркіт және тіл білімі мәселелері»



Конференцияға Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің тәрбие ісі және әлеуметтік-экономикалық мәселелер жөніндегі проректоры, филология ғылымдарының кандидаты, доцент Мирон Мұхтар Орынбасарұлы, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің доценті, филология ғылымдарының кандидаты Абдрахманова Жұмазия Мәжитқызы, М.Өтемісов атындағы БҚМУ-дың профессоры, филология ғылымдарының докторы Сабыр Мұрат Бөкенбайұлы, М.Өтемісов атындағы БҚМУ-дың профессоры, филология ғылымдарының докторы Хасанов Ғабит Қайыржанұлы қатысып, пленарлық мәжілісте конференция тақырыбына сай өз баяндамаларын оқыды. Сонымен бірге филология ғылымдарының докторы, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры Жақыпов Жантас Алтайұлы баяндамасын онлайн режимінде жолдады.

Пленарлық мәжілісті жиынның модераторы: педагогика

ғылымдарының докторы, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің филология факультетінің деканы, профессор Қыдыршаев Абат Сатыбайұлы жүргізді. Алғы сөз М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің ректоры, педагогика ғылымдарының докторы, академик Иманғалиев Асхат Сәлімұлына беріліп, ректор өз сөзінде конференция қонақтарын құттықтап, басқосудың сәтті өтуіне тілектестігін білдірді. Конференция қонақтарына облыс әкімінің орынбасары Мәкен Бақтияр Мәкенұлының құттықтау хаты таныстырылды.

Конференцияға ғалымның жұбайы, филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ержанова Ұлдай Рысқалиқызы, ғалымның ұлы, «Болашақ» стипендиясының иегері, Лондондағы Кэмбридж университетінің магистранты, Дүниежүзілік инженерлер Қауымдастығының мүшесі, Нидерланды Королдігінің Амстердам қаласындағы «SHaI»

«Аймақ - 2050»

жалпыұлттық байқауының Батыс Қазақстан облысы бойынша жеңімпаздарды марапаттады

2014 жылдың 21 қарашасында М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті бас ғимаратының 102 электрондық кітапханасының оқу залында «Аймақ - 2050» Жалпыұлттық байқауының Батыс Қазақстан облысы бойынша жеңімпаздарды марапаттау рәсімі болды.

Марапаттау шарасында алғы сөзді М.Өтемісов атындағы БҚМУ ҒЖ және ХБ жөніндегі проректор, тарих ғылымдарының докторы, профессор Мұқтар Әбілсейіт Қапизұлы алып «Аймақ - 2050» Жалпыұлттық байқауының жоғары деңгейде өткенін атап көрсетті және жеңімпаздарды құттықтады.

Кейінгі сөз кезегін қызмет жетекшісі Ысқақов Ерболат Түгелбайұлы алды. Ол «Қазақстан-2050» Жалпыұлттық қозғалысының қандай қызмет атқаратынын, қандай бағыттарда жұмыс жасайтындығын, болашаққа жоспарларын таныстыра отырып, байқау жеңімпаздарын құттықтады.

Аталған байқауға тапсырылған 33 жұмыстың 21-і М.Өтемісов атындағы БҚМУ болды және комиссиясының шешімі бойынша 7 жеке жоба байқауға жіберілді. Байқау қорытындысының нәтижесінде БҚО бойынша Мельников Владимир Леонидович «К региональному благополучию через законотворческие инициативы» 2 орын, Буланова Н.К., Михеева А.А., Жазыкбаева М.К., Досмухамбетов Е.Р., Герасимов А.В. «Стратегия развития малого и среднего бизнеса в Западно-Казахстанской области» 3 орын, Аймешева Ж.С., Нестеренко Г.И., Чудрова В.У., Бахтиярханова А.Ж., Черемухина О.В. «Необходимость системы энергоменеджмента» атты жұмыспен 3 орын иеленгені хабарланып, оларға ақшалай сертификаттар табыс етілді. Сонымен қатар байқау жеңімпаздары, белсенді қатысушылары және ұйымдастырушылар мақтау қағазымен марапатталды.

компаниясының Бас инженері Бүркіт Ұлан Отарәліұлы және О.Бүркітұлының көзін көрген әріптестері, шәкірттері қатысты.

Конференция жұмысына М.Өтемісов атындағы БҚМУ-дың профессор-оқытушылар құрамы, облыс және қала мектептерінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері, сондай-ақ, жас ғалымдар, магистранттар мен студенттер қатысты. Сонымен бірге конференцияға ақын-жазушылар, қаладағы қоғамдық ұйым басшылары, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері шақырылды. Конференция секцияларына келіп түскен ғылыми мақалалар университет баспасынан жинақ түрінде жарық көрмек. Конференцияның өз дәрежесінде өтуіне қазақ филологиясы кафедрасының профессор-оқытушылар құрамы атсалысты.

Қазақ филологиясы кафедрасы

АҚЫН БОЛЫП ШАЛҚИДЫ КЕҢ АРНАДА, ЖЫР ШАШЫП ЖАЙЫҚТЫҢ ЖАҒАСЫНДА

Ақындық қасиет - мың адамның ішінен бір адамға берілетін ұлы қасиет. Табиғат болмысына үңілу, жүрек қылынан сыр шерту тек ақынға ғана тән секілді. Осындай қасиетпен көзге түскен, талай додалардың жүлдегері атанған құрбым, педагогика факультеті «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» мамандығында оқитын Хасанова Аида Жантөреқызы. Ол 1996 жылдың 31-ші тамызында Жәнібек ауданында дүние есігін ашты. Аудандағы Т.Жароков мектебінен білім нәрімен сусындайды. Мектеп жасынан жарыстардың бел ортасында жүріп, 47 мақтау



қағазы мен алтын төс белгі иегері атанды. Ол алғашқы өлеңі 9-жасында «Анашым» деген өлеңі шығарды. Талай мәрте ғылыми жобалар қорғап, қоғамдық жұмыстарға өз септігін тигізді. Атап өтетін болсам, «Абай, Махамбет оқулары» I-орын, «Экологиялық форум» 3-орын, «Қауырсын қалам – 2013» I-орын, «Жарқын болашақ KATIV» ойындарында «жазушылар» бағыты бойынша 3-орын, «Шахмат турнирі» 2-орын, «Үздік шығарма» I-орын, «Орал қаласындағы туризмге 50-жыл» алтын медаль иегері. Аудан көлемінде «Жастықтың жалынды жырлары» атты жыр жинағы бар. 7-сыныптан бастап аудандық ғылыми жобалар қорғап, ғылымға жаңалық енгізді. Яғни, алғаш өсімдігін 5 жыл зерттеп препарат дайындады. Туған жері Жәнібекінің сан ғасырлық тарихын зерттеді. Аудандық мәдениет үйіндегі библиограф мамандардың еңбегі бойынша «Жәнібектің жыр жауһарлары» атты жыр жинақта бірнеше өлеңдерін жарыққа шығарды. «Мен жастарға сенемін» республикалық ақындар байқауында өлеңі үздік деп таңылып, Алматы қаласына II – кезеңге жолдама алды. Болашаққа деген мақсаты биік, талғамы зор. Өмірлік ұстанымы: «Тәуелсіздігімізді тәу етер тұлғасы болып қаланып, еліне адал және әділ қызмет ету». Ақындық талантына арқау болған туған жері Жәнібек ауданының сұлу табиғаты арқау болса керек. Айданың хоббиі сан қырлы, табиғат аясында серуендеп, табиғатпен үндесу және поэзия оқу. Айданың поэзия туралы ой-пікірі сан түрлі. Ол өз ойын былай тұжырымдайды. «Поэзия – өшпейтін, өлмейтін, бітпейтін, таусылмайтын, ортаймайтын, сарқылмайтын, жалындайтын құнды дүние. Айданың поэзия жолдарындағы ерекше жалын, салмақты ойлары кім-кімді болмасын толғандырмай қоймайтын сөзсіз. Республикалық байқауда үздік деп танылған өлеңін өздеріңізге ұсынамын.

АЙДА ҚОЖАБЕРГЕНОВА,
06101 топ студенті

МЕН ЖАСТАРҒА СЕНЕМІН

Қазағымның кеңейді босағасы,
Сарыарқамның ақ төсі кеңге жайды.
Егеменбіз, азатпыз, тәуелсізбіз,
Бағындырдық талай бел асуларды.

Жас ұрпақ бар, елінің көшін бастар,
Бәйтеректей шыңдарға қанат қағар.

Тәуелсіздік көк туын желбіретер,
Болашаққа өрлеген жастары бар.

Біз алашпыз талпынған шын құздарға,
Өркөкірек кеудеміз толған жырға.
Қыраттардан өткенбіз талай мәрте,
Жалын шашып самғармыз болашаққа.

Жүрегіміз от шашып алаулайды,
Сөздеріміз найзағайдай жарқылдайды.
Елін сүйген перзенті боп қашанда,
«Алаш» деп мәңгілікке ұрандайды.

Айбаралы астасқан ақ ордам бар,
Елтаңбам мен көк туым жеке тұрар.
Елбасымыз ұтымды саясатпен,
Гүлдендірді сан мәрте талай жылдар.

Біз әлі жас мемлекет өркендерміз,
Талай қиын сындарды өткергенбіз.
Біз үшін бұзылмас қамал болмас,
Болсада, жан пида қып, от боламыз.

От болып жалындармын қыраттарға,
Бөгеттермен ұзақ жол сапарларға.
Алла берген дарынды бағалалық,
Ақындықты бермейді мың адамға.

Сәуле болып, нұр төгіп, шуақ шашып,
Сөз маржаның төгейін құрақ қылып.
Бәйгеге атын қосқан ат қосшыдай,
Сөзімді өзгелермен таластырып.

Аламын жанып тұрған өшпей тұғын,
Өзі өшсе де артындағы шоғы өшпейтін.
Талайы алау болып алаулаған,
Жүректің үніменен жыр қылатын.

Өлемнің додасына көш бастаймыз,
Тек біліммен биікке біз самғаймыз.
Еліміздің алдында патриот боп,
Жалын болып мәңгілік алаулаймыз.

Новые горизонты Болонского процесса

В конце октября в Алматы состоялась выставка британского образования Education UK, в которой приняли участие руководитель центра Болонского процесса Л.А.Садыкова и консультант-переводчик А.Ныкбаева.

На выставке, в которой приняли участие 39 вузов, 5 колледжей и 4 школы, состоялось знакомство с учебными заведениями Великобритании. Организаторами выставки выступили АО «Центр международных программ», которое осуществляет комплекс мероприятий по международным программам подготовки, переподготовки и повышения квалификации кадров за рубежом и ведущая международная организация «British Council», открывающая возможности в сфере образования и культурного обмена в сотрудничестве с британскими партнерами, объединяя людей из Великобритании и Казахстана для взаимовыгодного сотрудничества.

По словам Л.А.Садыковой, целью командировки были переговоры о совместной деятельности по академической мобильности с представителями Лондонского Королевского Колледжа.

Из 39 вузов в 16 университетах мы нашли специальности, родственные нашим специальностям. Мы обменялись мнениями с представителями этих университетов, представили буклеты, диски, визитные карточки. Нами были предложены на рассмотрение договоры намерения, по которым планируем работать в дальнейшем.

27 октября состоялась встреча с Нуми Вайнберг, директором управления международных отношений, и Нелли Сооголшвили-Пуркель, директором отдела международного маркетинга, - представителями Лондонского Королевского Колледжа. Переговоры прошли в очень теплой, доброжелательной обстановке. Были затронуты вопросы о нашем университете, об академической мобильности студентов, магистрантов, аккредитации, приглашении ученых Королевского колледжа для чтения лекций в нашем университете, о летних курсах и лондонской магистратуре, время обучения в которой 1 год.

По вопросам внутренней академической мобильности студентов сотрудники ЗКГУ встретились с директором центра Болонского процесса, которая поделилась опытом работы по программам дудипломного образования.



С деятельностью центра Болонского процесса ЗКГУ им.М.Утемисова познакомился Карл Эрнст Улрих Кайнер, доктор, профессор Университета им. Й. Гутенберга г. Майнц, Германия, старший эксперт германской службы экспертов SES. Он уже не первый год сотрудничает с нашим вузом. В этом учебном году доктор К. Кайнер приехал на период с 31 октября по 25 ноября с целью внедрения инновационных технологий и новых методик специальности «Иностранный язык: два иностранных языка» магистрантов и бакалавров, проведения лекционных и семинарских занятий, консультаций для студентов и магистрантов; встреч, круглого стола для обучающихся, ППС и сотрудников университета.

По словам доктора К.Кайнера, он рад сотрудничать с университетом. Ему очень нравится настрой студентов и магистрантов. В беседе с руководителем центра Л.А.Садыковой он выразил пожелание о прохождении учебы студентов университета Гуттенберга в ЗКГУ для обмена опытом.

11 ноября в Астане в государственном театре оперы и балета им. Абая состоялся концерт лауреатов Фонда Первого Президента Республики Казахстан - Лидера Нации, который в этом году прошел под девизом «С мечтой в сердце, на пути к вершине!». Целью мероприятия является поддержка творческой инициативы молодых людей, содействие развитию культуры и искусства среди молодежи.

С мечтой в сердце, на пути к вершине

В рамках концерта состоялась Церемония награждения победителей республиканского конкурса на соискание студенческих стипендий Фонда Первого Президента Республики Казахстан – Лидера Нации.

За годы деятельности Фонда сотни молодых талантов получили помощь в виде премий, грантов, стипендий на пути своего становления и роста. Для творческой молодежи Казахстана это прекрасная возможность воплотить в жизнь свои мечты, открывать новые грани и перспективы своего таланта.

80 студентов, магистрантов и интернов - молодежь с высокой успеваемостью, активно участвующая в общественной, научно-исследовательской и практической деятельности, пользующаяся авторитетом среди студентов и преподавателей - стали счастливыми обладателями стипендий. В их числе студентка 4 курса факультета культуры и искусств, специальности дизайн ЗКГУ им. М.Утемисова Раушан Сарбалиева.

-Фонд Первого Президента Республики Казахстан – Лидера

Нации проводит на ежегодной основе конкурс, целью которого является поддержка и поощрение студентов. Стать второй год подряд стипендианткой высказанного фонда стало для меня большой честью. Я этим горжусь и, думаю, по праву. Кроме этого, как оказалось, наш вуз стал единственным в городе, студента которого поощрил Фонд в этом году. Это и честь, и большая ответственность. Ну и конечно, огромная радость для меня и моих близких. Это, безусловно, успех, но успех, которого может достичь каждый – было бы желание!



Бүгінгі XXI ғасырдағы Қазақстан азаматы, өзін-өзі мемлекеттің өкілімін деп санайтын әрбір адам өліміздің, өзінің ғылымын білуі тиіс деп ойлаймын. Қазіргі заман жағдайында жалпы ғылым мен білім немесе басқа да оқу-тәрбие мәселелерінің педагогикалық жүйесінің әрқайсысы өз алдына күрделі жүйе болып есептеледі.

12 қараша күні халықаралық студенттер күніне орай жаратылыстану-география факультетінде университеттік ғылыми қоғам төрағасы Сапарбаев Жұмабек Суевбайұлының ұйымдастыруымен «Жастар және ғылым» атты ғылыми жобалар сайысы өткен болатын.

Жастар және ғылым

Бұл жобаға факультетіміздегі ғылымға қызығушылықтары бар студенттеріміз қатысып, өздерінің жобаларын ұсынды. Қатысушыларымызды сынға түсірген арнайы сарапшыларымыз да болды. Олар биология және экология кафедрасының оқытушысы, магистр - Ханым Амангелдіқызы. Биология ғылымдарының кандидаты, доцент - Асқар Сәрсенұлы. География кафедрасының оқытушысы, магистр - Айнұр Кенжалиқызы. Химия кафедрасының оқытушысы - Маншук Муратқызы. Студенттеріміз бұл жобаға жақсы дайындықпен келіп, жүделі орын иегерлері атанды.Ерекше жоба ұсынған студенттер:

I дәрежелі дипломмен география мамандығының 1 курс 01111 топ студенті - Каримов Дамир. Тақырыбы: «Аққұм қорығы».

II дәрежелі дипломмен биология мамандығының 1 курс 01107 топ студенті - Жетесова Аякөз. Дайындаған жұмысы «Еуразия даласының таңғажайып жануары - Ақбөкен».

III дәрежелі дипломмен география мамандығы 1 курс 01111 топ студенті - Махмудова Айсана марапатталды. Жоба тақырыбы: «Құм көшкінінің зардаптары мен оны алдын алу жолдары». Және де өте жақсы белсенділік танытқаны үшін биология мамандығы 1 курс 01103 топ студенті - Таскаиров Самат, химия мамандығы 1 курс 01101 топ студенті - Колбаева Айзада арнайы алғыс хатпен марапатталды. Студенттерімізді жеңістерімен құттықтай отырып, алдағы еңбектеріне жеміс тілейміз!

Гүлжайнар ЖҮСІПКЕРЕЕВА,
Жаратылыстану-география факультеті
химия мамандығының 01102 топ студенті



ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСТЕ

2014 жылдың 24 қарашасында өткен М.Өтемисов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің Ғылыми кеңесінде 2015 жылы аталып өтілетін Қазақ мемлекеттілігінің 550 жылдығы, Ұлы Отан соғысындағы жеңістің 70 жылдығы, Қазақстан Республикасы Конституция-сының 20 жылдығы мен Қазақстан халықтары ассамблеясының 20 жылдығына арналып университетте өткізілетін іс-шаралардың жоспарлары бекітіліп, ақпараттық технологиялар орталығының жетекшісі Д.Ф.Абдуллаевтың М.Өтемисов атындағы БҚМУ-дың ақпараттық-техникалық қамтамасыз етілуі және мультимедиялық өнімдері тақырыбындағы ақпараты тыңдалды.

Ректоратта

2014 жылдың 17 қарашасында өткен М.Өтемисов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің ректоратында педагогика, жаратылыстану-география факультеттерінің декандары Г.А.Ерғалиева мен А.Б.Ниязбековалар жұмыс берушілердің білім беру бағдарламаларының жүзеге асырылуына қатысуы: кәсіпорындарда сараман ұйымдастыруды жетілдіру туралы есеп беріп, факультеттерде жүргізіліп жатқан жұмыстардың барысы тоқталса, аталған мәселеге байланысты тексеру жүргізген сарапшылар комиссиясының төрағасы оқу үрдісін ұйымдастыру және бақылау орталығының жетекшісі Р.Х.Латыпова бұл бағыттағы жұмыстарға нақты талдау жасап, ұтымды жақтары мен кемшіліктеріне назар аударып, мәселені шешуге байланысты бірнеше ұсыныстар білдірді. Бұдан соң тәрбие жұмысы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор Т.М.Дәрішеваның жастар бірлестіктері мен қоғамдық-саяси ұйымдардың жұмысын ұйымдастыру туралы ақпараты тыңдалды.

Сонымен қатар мәдениет және өнер факультетінің 2-курс студенті Асылханов Құрманғазы Жайлаубайұлына «Ақжелен» халықаралық күй байқауындағы жеңісі үшін бас жүлде дипломы; филология факультетінің 4-курс студенті Тапаева Жанеркеге «Жасыл ел» жастар еңбек жасағының республикалық штабының «Үздік сарбаз» номинациясымен марапатталған дипломы мен «Жасыл ел» жастар еңбек жасағындағы адал еңбегі үшін «Үздік PR менеджер - 2014» аталымымен марапатталған дипломы; филология факультетінің 3-курс студенті Галиева Гүлназға «Орал аруы 2014» байқауының «Мисс фотомодель» аталымымен марапатталған дипломдары табыс етілді.

А.НИЕТОВА,
ҒЫЛЫМИ ХАТШЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде ҚР Білім және ғылым министрлігі, ҚР Жазушылар Одағы, «Жас Отан» жастар қанаты және Алматы қаласы Әкімдігінің қолдауымен ағымдағы жылдың 28-қараша күні Қазақстан Республикасының Бірінші Президент күніне арналған жыл сайынғы «Мен жастарға сенемін!» атты студент жастардың екінші патриоттық фестивалінің GALA-форумын өткізетінгі жөнінде хабарлаған болатын.

ЖАСТАРҒА СЕНЕМІЗ!

Аталмыш фестивальдің алғашқы іріктеу кезеңінен өтіп, финалға жолдаманы 6 студент иеленді. Олар: филология факультетінің студенттері Меңдібек Лукбанов, Ағиса Рақымғалиева және Әли Наби, педагогика факультетінен Аида Хасанова, ал мәдениет және өнер факультетінің студенті Әділет Орашев.

Алдыңғы жылы өткізілген ессе байқауында филология факультетінің студенті Анель Таскалиева гран при иегері атанып, қазіргі таңда Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде грант негізінде білім алуда. Ендеше, қорытынды кезеңге жолдама алған студенттерімізге сәттілік тілейміз.

Гүлфәни ХАМЗИҚЫЗЫ,
меншікті тілші

Біз қалай БҚМУ-ды таңдадық?

Біз, А.Абиева(Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану), Б.Шайхиева (Педагогика және психология), Қ.Аманғалиева (биология) биыл Орал қаласындағы №4 орта жалпы білім беретін мектебін бітіріп, аталған бөлімдерге оқуға түстік.

Батыс Қазақстан мемлекеттік университетін таңдауымызға педагогика және психология кафедрасының доценті Б.А.Молдағалиев және оқытушы О.Н.Ерниязовтың үлкен әсері болды. Ағайларды 8-10 сынып аралықтарында мектепте көріп жүретін едік, ол күткеннен кейін олар біздермен тікелей жұмыс істей бастады. Сынып сағаттарында университет туралы бейнеролик (кино) көрсетіп, буклет, плакат, «Өркен» газетінің әр нөмірін бізге таратып өткізеді. Сөйтіп, бізде университетке үлкен қызығушылық пайда болды. Нәтижесінде, үшеуміз осы жоғары оқу орнын таңдадық, ал ата-аналарымыз біздің таңдауымызды қолдады.

Бізге осында оқу ұнайды. Оқытушылар білікті, материалдық база жақсы, кітапхана, спортзалдың да жұмысы жақсы жолға қойылған.

Б.А.Молдағалиевтің жетекшілігімен студенттік – ғылыми жобаға дайындалудамыз.

Мектеп оқушыларын БҚМУ-ға оқуға түсуге шақырамыз.

А.АБИЕВА, Б.ШАЙХИЕВА, Қ.АМАНҒАЛИЕВА,
бірінші курс студенттері

Бұл менің таңдауым

Әр адамның бұғанасы қатып, өзін-өзі басқара алатындай, өзін-өзі жүйеге келтіре алатындай жасқа келгенде, өміріне зор әсер ететін, өмірінің көп бөлігін осы нәрсеге арнайтын бір таңдау жасау керек болады және бұл әр адамның басынан өтетін жағдай. Менің таңдауым әрбір адамның санасына серпін, ақылына рухани азық қосатын «кітап» деген ұлы сөзбен өте тығыз байланысты. Мен кітап деген ұғымды кішкентай кезімнен санама сіңіріп өстім. Әжем кітапханашы болғандықтан, мен де әжемнің жолын құдым деп ойлаймын. Алғашында кітапханаға барғанда кітаптарды түс-түсімен, бой-бойымен орналастыратынмын. Өсе келе бұл мамандықтың да қыр-сырын түсінесің.

Ақындықтың асқар шыңы болған Абай да, серіліктің серкесі болған Ақан сері, Біржан сал да, жазушылықтың жоғарғы сатысында тұрған Ғабит, Сәбит, Мұхтар да, тағы басқа жазушылар, сахнаның саңлағы болған Шәкен де теңіздің тереңінде, асқар таудың шыңында тұрған жалғыз асыл қазынаның арқасында үлкен белестерге қол жеткізіп, талай-талай аударды бағындырды. Өрине сол асыл қазына дегеніміз - кітап.

Әр мамандықтың да өз қиындықтары мен соқпақ жолдары бар. Сол қиындықтарға төзе білген маман ғана үлкен дәрежеге жете алады. Сол сияқты кітапханашы мамандығының да өзіндік қиындықтары бар. Кейбір адамдар кітапханашы мамандығына сын көзбен қарайды. Ал оның несі бар? Кітапхана да қазіргі технологиямен жабдықталған, білікті мамандар басқарады, тұтынушының сұранысын қамтамасыз ете алады. Мен бұл адамдарға Расул Ғамзатовтың мына сөзімен жауап берер едім: «кітаппен дос бол, кітаптың жомарт беттері, көзіңді тосар адал дос одан жоқ тегі».

Кітап - ол қол жетпес шың,
Кітап - ол теңіз тереңіндегі қазына,
Кітап - ол сарқылмас байлық,
Кітап - ол ақылды ғұлама.

Мен өзім «Кітапхана ісі» мамандығына түсемін деген ой ұш ұйықтасам да түсіме кірген жоқ. Бірақ бұл мамандыққа түскеніме ешқашан өкінбей емеспін. Өйткені мен бұл мамандыққа келгеніме өте бақыттымын. Себебі күндердің күні, қашан болса да, бұл менің нағыз таңдауым болар еді.

Надира МУФТИГАЛИЕВА,
кітапхана ісі мамандығының 1-курс студенті

Вряд ли кто поспорит с мнением, что бухгалтером, финансистом или экономистом не рождаются. Однако среди студентов всегда находятся те, кому всегда нужны знания чуть больше, чем другим. Им интересно все, что касается их будущей профессии. Да и среди школьников, что еще раздумывают о своей будущей жизни, немало тех, кому интересно проверить свои знания и склонности. И как это выявить? Игра, пусть это звучит несколько по-детски, помогает выявить такие таланты. «Эрудит» - интеллектуальная викторина, которая прошла на факультете истории, экономики и права, стала той лакмусовой бумагой, которая помогла открыть дорогу ребятам.

Игру «Эрудит» организовали сотрудники кафедры «Учет и финансы». За игрой, в которой приняли участие учащиеся 9-11 классов школ города, наблюдали к.э.н., доцент СРІ, заведующая кафедрой учет и финансы Нугманова М.К., преподаватели Баудиярова Э.Н., Скок Е.А., Тогжанова А.К., преподаватели школ города, студенты 1-4 курсов специальностей «Учет и аудит», «Финансы», выпускники школ.

21 ноября 2014 г. в ежегодной интеллектуальной викторине «Эрудит» приняли участие выпускники школ г.Уральска.

Школьники Искарпова Дина, Ажигулова Светлана, Кежғалиев Нурсултан, Андреев Даниил, Чекалин Сергей, Костенко Светлана, Щекутеев Владимир, Полубаярова Галина, Терентьева Анастасия, Нурманбекова Диана соревновались в пяти турах: «Мой край», «Казахстан – мой дом родной», «Полиглот», «Видеовопрос», «ЗКГУ им. М.Утемисова». По результатам игры 1 место занял Чекалин Сергей (сш № 16), 2 место Кежғалиев Нурсултан (сш № 17).

Мероприятие прошло на позитивной ноте, по результатам которой школьникам были вручены дипломы и благодарственные письма.

Халық достығы – бейбітшілік кепілі

Қарашаның 5-ші жұлдызында жаратылыстану – география факультетінің «Химия» мамандығы 1 курс 01101топ студенттері арасында, келер жылдың Қазақстан халқы ассамблеясының 20 жылдығына орай «Халық достығы – бейбітшілік кепілі» атты дөңгелек үстел өткізілді.

Дөңгелек үстел барысында Елбасымыздың жиырма бесінші сессиясында көрсетіліп өткен «Бір мақсат. Бір мүдде. Бір болашақ» атты стратегиялық бағыты негізге алынды. Н.Ә.Назарбаевтың бұл сессияда қарастырған мәселелері бейне баяндама арқылы көрсетілді. Сессия тарихына көз жүгіртіп, оның қазіргі атқарып жатқан облыс және аудан көлеміндегі жұмыстарына байланысты студенттер өз ойларын білдірді. Топ кураторы М.М.Мукашева стратегия барысына, оның болашақ ұрпаққа маңыздылығы жөнінде өз ойын толықтай айтты. Дөңгелек үстеліміздің меймандары факультетіміздің студенттік деканы Д.Н.Жүсіпқалиев және факультет деканының орынбасары А.Ф.Сағызбаев тілектерін білдіріп, пікір – таласымызды одан әрі жандандыра түсті.



Бұл дөңгелек үстел студенттердің отанға деген сүйіспеншілігін арттыруға, халықтар достығын насихаттауға көп үлесін тигізеді деген сенімдеміз.

Әнуар ХАМИТОВ,
химия мамандығының 1-курс студенті

2014 жылдың 5-6 қарашасы күні «Педагогика және психология» кафедрасының ұйымдастыруымен педагогикалық факультеттің акт залында «Педагогика және психология», «Бастауыш оқыту педагогикасы және әдістемесі», «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандықтары бойынша студенттік топтар арасында кәсіби білім, біліктіліктерін арттыру, республикалық студенттік олимпиадаға даярлық және оған үздік студенттерді іріктеу мақсатында педагогикалық-психологиялық олимпиада өткізілді.

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ОЛИМПИАДА



Олимпиада 5 турдан тұрды: білімді компьютерлік тестілеу; таныстыру; фильмді психологиялық талдау («Педагогика және психология» мамандығына), сабақтанузінді («Бастауыш оқыту педагогикасы және әдістемесі»); педагогикалық-психологиялық жағдаятты талдау, шешу; ғылыми жоба қорғау; педагогикалық-психологиялық ертегі.

Олимпиадаға 12 топ қатысып өз білім, біліктілік, өнерлерін ортаға салып, сайысқа түсті. Олимпиада нәтижелері бойынша 06305-топ, яғни «Акме» командасы 1 орынды, 06302-топ «Сапа» командасы мен 06202-топ «Freids qeneration» командасы 2 орындарды, 06203-топ «Leserf» командасы мен 06205-топ «Body knot» командасы 3 орындарды иеленді. 06303-топ «Психея» командасы «Креативті» номинациясын, 06304-топ «Online» командасы «Актерлық шеберлік» номинациясын, 06306-топ

Олимпиаданың салтанатты ашылуына «Ғылым және коммерцияландыру департаментінің» директоры Имашев Эдуард Жүсіпұлы, «Тәрбие жұмысы» бөлімінің жетекшісі Жақсығалиева Альфия Сырымқожақызы қатысып, сөз сөйледі. «Әділ қазылар алқасының» мүшелері қатарында Қалмақ мемлекеттік университеті «Биология және педагогикалық білім беру» факультетінің деканы З.О.Кекеева, Орал қалалық орта жалпы білім беретін эстетикалық бағыттағы мектеп – гимназия психологы Э.В.Вагапова, педагогикалық факультет деканы Г.А.Ергалиева, педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі Ж.И.Сардарова болды.

«Мейірім» командасы «Интеллектуал» номинациясын, 06307-топ «Буратино» командасы «Үздік жоба» номинациясын жеңіп алды. Студенттер өздерінің шығармашылық істері, актерлық шеберліктерімен көрермендерді тәнті қылды.

Олимпиаданың жоғары деңгейде ұйымдастырылуына кафедра оқытушылары О.Н.Ерниязов, Н.У.Кулдашева, Э.К.Абдираймова, С.Ф.Баяоканская зор үлес қосты.

О.Н.ЕРНИЯЗОВ,
педагогика және психология
кафедрасының оқытушысы, педагогика магистрі

Эрудиты с «ЭКОНОМИЧЕСКИМ» УКЛОНОМ



Школьники изъявили желание в будущем поступать в ЗКГУ им М.Утемисова.

Также планируются работы по проведению со школьниками различных школ других тематических деловых игр таких, как «Экскурс в мир профессий», «Мир профессий и я», деловая игра «Экономика и предприниматель» и т.п., цель которых

ознакомить учащихся с классификацией профессий в игровой форме, создать информационное пространство о профессиях, задуматься о своем профессиональном будущем.

А.К. ТОГЖАНОВА,
преподаватель кафедры учет и финансы

Финансовая грамотность – залог успешного бизнеса

В ЗКФ РГУ «Национальном Банке» РК открылся кабинет «Финансовой грамотности», в котором ведутся лекции по повышению финансовой осведомленности населения.

6 ноября 2014 года студенты Западно-Казахстанского университета имени М.Утемисова кафедры учет и финансы посетили лекцию по финансовой грамотности. Лекцию провел Бабенов Болат Альбекович – ведущий специалист отдела контроля финансовых организаций и защиты прав потребителей финансовых услуг РГУ «Национальный Банк» РК. Лекция прошла в специально оборудованном кабинете. Студенты задавали интересующие их вопросы, такие как проблемы ипотечного кредитования, банковский омбудсмен и другие.

Кафедра учет и финансы уже не первый год сотрудничает с ЗКФ РГУ «Национальный Банк». Сотрудничество позволяет закрепить теоретические навыки на практике, быть в курсе деятельности этих банков и, конечно же, повышать финансовую грамотность. Это двухстороннее сотрудничество позволяет быть в курсе последних изменений в финансово-банковском законодательстве и практике. Студенты с большим интересом посещают данные лекции, т.к. могут задавать вопросы именно



практикам. А сотрудники Национального Банка, в свою очередь, делятся своими знаниями и опытом, повышают финансовую грамотность потенциальных сотрудников и клиентов.

«Екі жұлдыз»

атты ән байқауы

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің мәдениет және өнер факультетінде 2014 жылдың 14 қарашасында Халықаралық студенттер күніне орай ұйымдастырылған «Екі жұлдыз» атты ән байқауы өткізілді.

Бұл аталмыш ән байқауында әртүрлі мамандық иелерінен 5 жұп өнер көрсеткен болатын. Қатысушы жұптардың сахнада өздерін ұстауы, актерлік шеберлігі, бір-біріне жарасымдылығы айқын көрінді. Өздерінің қоңыр дауыстарымен, табиғи талантымен көрермен қауымға жеткізе білген жұптарымыздың өнерін ерекше атап өтуімізге болады. Мысалы, «Вокал» мамандығының 1-курс студенттері Шакиров Армат, Төлеуғалиева Әдемі, мәдени-тынығу жұмысы мамандығының 1-курс студенттері Темирболатова Перизат, Молдабекова Гүлбану, «Аспапта орындау және вокалдық өнер» мамандығының студенттері Төрмұратова Айгерім және Асем Нұрлан. «Екі жұлдыз» атты ән байқауында әділ-қазылар алқасы ҚР халық әртісі, доцент Жұмағаным Әбдіхалықызы Рахимова, вокал және аспапта орындау кафедрасының аға оқытушы Ворфоломеева Ольга Викторовна, вокал мамандығының аға оқытушы Потиченко Эллина Геннадьевна байқау қатысушыларын құттықтап, марапаттады. «Құлақтан кіріп бойды алар, әсем әнмен тәтті күй», - деп Абай атамыз айтқандай өнерлі жұптарымыз әдемі дауыстарымен көрерменнің жүрегінен орын ала білді.

Г.ШАУКЕРОВА,

мәдени-тынығу жұмысы мамандығының 3-курс студенті

Денег много не бывает!

День национальной валюты РК и профессиональный праздник работников финансовой системы был отмечен на факультете истории, экономики и права.

17-18 ноября 2014 года были проведены деловые игры «Қаржы көңіл күй» и «Ум, талант и... много денег». В нем приняли участие преподаватели и студенты кафедры «Учет и финансы». Уже 21 год в обращении находится национальная валюта – тенге, которая является одним из признаков суверенитета страны. Казахстанский тенге считается одной из самых молодых валют в мире, так как Казахстан одним из последних вышел из рублевой зоны бывшего Советского Союза.

Разработка новой валюты заняла один год, после чего прочно укрепила свои позиции в качестве национальной валюты. Свои знания о национальной валюте – тенге, его истории продемонстрировали будущие финансисты. Студенты приняли активное участие в викторине, особый интерес вызвали такие вопросы как: где было решено создать банкнотную фабрику, сколько степеней защиты, кто и как разрабатывает дизайн тенге и многие другие. Строгое, но справедливое жюри по достоинству оценило заинтересованность и активность участников. Победители



конкурса получили дипломы и памятные подарки от спонсоров. Спонсорами игр стала ЗКФ РГУ «Национальный банк» РК и ЗКФ АО «Народный Банк» РК. Проведение подобных мероприятий способствует повышению финансовой грамотности молодежи.

А.К. ТОГЖАНОВА,

преподаватель кафедры учет и финансы

ӨСУ ЖОЛЫ ӨРКЕНДІ

Дүйсенбі күні, яғни 17 қарашада М.Өтемісов атындағы БҚМУ-нің тарих және экономика факультетінде «Студенттік өмірдегі ғылымның рөлі» деген тақырыпта ғылыми мастер-класс өткізілді. Оның жұмысын университетіміздің ғылыми жұмыс жетекшісі орынбасары Нұрболат Зейдоллаұлы жүргізіп отырды.

Жиналысқа ғылыми тәжірибесі бар Шарафутдинова Ажар Нұрболатқызы, Егзалиева Асель Болаткалиқызы сияқты ғылыми жұмыс жетекшілері және ғылыми жұмысқа ден қойған студенттер қауымы қатысты. Сонымен қатар 2013-2014 жылдары облыстық, республикалық деңгейдегі ғылыми жоба жеңімпаздары Сембаев Асылбек және Марат Ширинбек қатысып студенттер сұрақтарына жауап берді. Жиын тарих, құқық және экономика факультетінің ғылыми жобаға жауапты студенттік төрайымы Мұсағалиева Перизаттың ұйымдастыруымен өткізілген болатын.

Бұл мастер-класс тарих, құқық және экономика факультетінде алғаш рет өткендіктен бұл жиын тұсаукесер ретінде жүргізілді. Жиынның мақсаты жас студенттердің тұлғалық дарынын анықтап, жан-жақты дамыту



болды. Жиын сәтті аяқталды.

Перизат МҰСАҒАЛИЕВА,

туризм мамандығының 2 курс студенті

Жастарды ғылымға тарту

Жаратылыстану-география факультетінде студенттік ғылыми қоғам мүшелеріне алғаш рет «Шеберлік сыныбы» өткізілді. Өткізген университеттік ғылыми қоғам төрағасы - Жұмабек Сапарбаев.

Мақсаты: Ғылыми жобамен айналысқысы келетін студенттерге Ғылыми жобаның толықтай бағыт-бағдарын көрсету. Ғылыми қоғам студенттеріне және ғылыми жобаның жасалуын үйретуге келген қонақтарымыз: коммерциализация офисінің

әдіскері, химия кафедрасының оқытушысы, жаратылыстану ғылымдарының магистрі Нұрболат Зейдоллаұлы Зейдолла, биология және экология кафедрасының оқытушысы, биология магистрі Каным Амангельдиевна Галиева, университеттік ғылыми қоғам төрағасы, 2 курс студенті Жұмабек Сапарбаев.

Гүлжайнар ЖҮСПКЕРЕЕВА,

химия мамандығының 01102 топ студенті

Мисс Геофак - 2014

Жаратылыстану-география факультетінде 2014 жылдың қараша айының 15 жұлдызында «Мисс Геофак-2014» атты арулар байқауы өтті.

Бұл байқауға 10 ару қатысты. Байқаудың мақсаты қыз балалардың жан дүниесіндегі көркемдік талғамын қалыптастыру, қазақ халқының қыз тәрбиелеу салт-дәстүріне байланысты әдептілікке тәрбиелеу. «Мисс геофак-2014» байқауы ІІІ кезеңді қамтыды. І кезең - шығармашылық тапсырма, ІІ кезең - фото байқау, ІІІ кезең - концерттік бағдарлама. ІІІ кезең бойынша 1 - «Мен қазақ қызымын», 2 - «Білгенге маржан», 3 - «Сұлудың сыры», 4 - «Өмірде не болмайды», 5 - «Көрсетпеген өнер зая кетеді» атты бөлімдерден тұрды. Мерекелік кеш қонақтары болып студенттік ректор Төрехан Дүйсенбаев, көсіподақ төрайымы Гүлшат Үмбетжанова, достық клубының төрайымы Гүлжанат Қаленова, көсіподақ төрайымының орынбасары Алмаз Қабдешов әділ бағаларын беріп, арулар өнеріне тәнті болып, осы шараны ұйымдастырған студенттік деканы Д.Н.Жүсіпқалиевке өз алғыстарын білдірді. Арулар байқауы тартысты әрі қызықты өтті. Әрбір топ жанкүйерлері өз аруларына қолдау көрсете білді. Байқау қорытындысы бойынша «Мисс Геофак 2014» атанған аруымыз «Биология» мамандығының 01105 топ студенті Камшат Абдуллаева иемденсе, «Көрермен көзайымы» атағын жеңіп алған «Биология» мамандығының 01103 топ студенті Ғабдуллина Ақнұр, «Өнерлі ару» атағына ие болған «Химия» мамандығының 01101 топ студенті Сымбат Бақытжан, «Шебер ару» атағын жеңіп алған «Биология» мамандығының 01104 топ студенті Қарлығаш Аманғалиева сынды аруларымызға бұйырды. Мисс Геофак арулар байқауы келген қонақтарға естен кетпес әсер қалдырды.

Айдана АСКАРОВА,

биология мамандығының 01105 топ студенті

Играть – значит, развиваться

18 ноября в корпусе №3 факультета истории, экономики и права состоялась интеллектуальная игра «Эрудит».

Интеллектуальные игры во все времена служили мерилом человеческого потенциала и способом развития творческого начала. Кроме этого, это самый нескучный способ организовать свой досуг. А для молодежи это особенно актуально.

В игре приняли участие 3 команды - «Veni Vidi wins» (факультет истории, экономики и права), «United» (физико-математический факультет) и «Art end music» (факультет культуры и искусств).

По правилам игры команды должны были пройти 5 туров. Первым был – представление команды, или знакомство.

Команда «Art end music», участником которого была автор этих строк, подготовила видео, на котором каждый представил себя лично. Здесь же шла оценка эмблемы команды.

Во 2 туре нужно было в течение 1 минуты ответить на большее количество вопросов. В основном эти вопросы были на логику, из 10 вопросов наша команда ответила на 9.

В следующем туре опять же в течение 1 минуты нужно было ответить на предложенный жюри вопрос. Вопросы, упакованные в конверты, были не из легких.

Четвертый тур был представлен конкурсом капитанов.

Задача капитанов была в том, чтобы правильно разложить карточки в хронологической таблице.

Самым интересным был последний, пятый, тур. Участники выбирали рубрику и вопросы, представленные на интерактивной доске по разным темам и категориям сложности.

В рубрике «В мире искусств» команда факультета культуры и искусств - будущие профессионалы! - ответила почти на все вопросы. Интересными были и другие темы.

По итогам всех туров жюри сложило общие баллы и места распределились следующим образом:

1-ое место заняла команда факультета истории и права, 2-ое место — команда факультета культуры и искусств, 3-е место — команда физико-математического факультета.

Победителям были вручены грамоты и книги об истории ЗКГУ.

Мне очень понравилось участвовать в этом конкурсе, тем более быть капитаном прекрасной команды. Я узнала очень много интересного и значительно расширила свой кругозор, вспомнив даже то, что читала много лет назад. Так здорово – ощущать себя интеллектуалом, как бы громко это ни звучало!

Марина ПЛЫГОВА,

студентка 1 курса специальности КДР

Қарашаның 27-і күні Халықаралық студенттер күніне орай “Мәдени-тынығу жұмысы” мамандығының студенттерінің ұйымдастыруымен “Ой түбінде жатқан сөз” атты танымдық ойын өткізілді.

ОЙ ТҮБІНДЕ ЖАТҚАН СӨЗ

Бұл ойынның мақсаты студенттердің орынды сөйлеу қабілеттерін арттырумен қатар, шапшаңдық және ой ұшқырлығын дамыту. Сонымен қатар студенттерді ұлттық дәстүрімізге сай қасиеттерге бағыт-бағдар бере отырып, олардың бойындағы қарапайымдылық, әсемділік, өнерге қызығушылық, сахна мәдениетін, шығармашылық қабілеттерін арттырып, салт-дәстүрімізді ары қарай жалғастыруға себепші болуға баулу. Ойынға келетін болсақ, ол үш бөлімнен тұрады. Бұл сайысқа мәдени-тынығу жұмысының 1-4 курс студенттер арасындағы жастар қатыстырылды.

Қатысушылар өзара “Жалынды жастар” және “Тапқыр

достар” болып, екі топқа бөлінді. Ойын барысы әртүрлі қызыққа толы айдарлармен көңілді өтті. Ойынға қатысушылар өз өнерлерін жан-жақты көрсетіп, мимикамен, сөйлеу шеберліктерімен ойлау қабілеттері келген көрермендерді таң қалдырды. Ойын соңында белсенділік көрсетіп, шапшаңдығымен және тапқырлығымен көзге түсіп, 1-орынға ие болған “Жалынды жастар” тобы көрерменнің зор қошеметіне ие болды.

Сайыс қызығымен көрерменнің жадында қалып, тәрбиелік мәні зор мәдени іс-шара өз мәресіне жетті.

Ментай ТАБЫЛДИЕВА,

“Мәдени-тынығу жұмысы” мамандығы

2014 жылдың 11 қарашасы күні мәдениет және өнер факультетінің «Кітапхана ісі» мамандығының студенттерінен құрылған «Сырлы парақ» үйірмесі «Бір ел – бір кітап» акциясы аясында университетіміздің №2 жатақханасында Сайын Мұратбековтың шығармаларына арналған әдеби кеш өткізді.

Кеште биылғы жылы көпшілік оқуға таңдалған С.Мұратбековтың «Басында Үшқараның» және «Жусан иісі» шығармалары талқыланды. Студенттер аталған шығармалардан үзінділер оқып, өз ойларын білдірді.

Осы тақырып аясында «Сайын даланың самалы» атты кітап көрмесі ұйымдастырылып, университетіміздің кітапханасындағы жазушы кітаптары жатақхана студенттеріне таныстырылып, насихатталды.

Кешке Батыс Қазақстан гуманитарлық академиясының филология факультетінің аға оқытушысы Т.Т. Қуаныш, университетіміздің жастар тәрбие ісі жөніндегі жетекшісі А.С.Жақсығалиева, Ж.Молдағалиев ат.ОФӨ кітапханасының кітапханашысы Б.Такушева, университетіміздің ғылыми кітапханасының директоры Т.Е.Алимбекерова мен кітапхана



ұжымы және кафедра оқытушылары қатысып, кеш соңында өз ойларын ортаға салып, лебіздерін білдірді.

«Сырлы парақ» үйірмесі студенттері

Бір ел – бір кітап

Бастанғыдан басталады небір дастан

Қараша айының 19-күні мәдениет және өнер факультетінде халықаралық студенттер күніне орай ұйымдастырылған «Бастаңғы» тақырыбындағы жастардың ұлттық ойын-сауық кеші өтті.

Бастаңғы – ұмытылып бара жатқан салт-дәстүрді, ойын-сауықты жаңғырту, жастардың қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру, бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында болды.

Қазақтың «Бастаңғы» ойын-сауығы мән мағынаға толы, салт-жоралғыны сахнамен ұштастырыла отырып, көрерменге көрініс түрінде тарту етілді. Ән айтылып, күй тартылып, қазақтың ұлттық биімен өрнектелді. Қыз-жігіттердің арасындағы мақал-мәтел тартысы, «Сақина салмақ», «Ақ сүйек» секілді ойындар ойналып, көрерменге ерекше әсер қалдырды. Халқымыздың төл өнері айтыс та қайта ұлықтап, ұмыт қалмады. Бұл шараға «Мәдени-тынығу жұмысы» мамандығының студенттері белсене қатысты.

Кеш соңында «Мәдениет және өнер» факультетінің деканы Исатаев Мейрам Исатайұлы сөз сөйлеп алғыс айтып, жылы лебізін білдірді. Бастаңғы ойын-сауық кеші арқылы жастарымызда бос уақытын тиімді өткізді.

Ақманар АЙДЫНГАЛИЕВ,

мәдени-тынығу жұмысы мамандығының 3 курс студенті



Жылы жүректен – жақсы тілек

Өмір деген ағыны қатты бір өзен. Әр адамның жүрегіне жылы тиер, елес боп алдыға келе берер, нөқталап көкейінде мәңгі сақтар кездері болары күмәнсіз.

Ол, әрине, жаныңда қаны қайнаған, күлкіден жүзі жайнаған, өмірдің бал дәміне тоймаған, бір қызықтан екіншісіне ауысып қоймаған, ертеңін ұмытып, тек бүгінін ойлаған жастық кезеңі.

Бұл өмірде есте қалар естеліктердің ең жақсысы – қызығы мен шығығы қатар жүретін студенттік жылдар екендігі даусыз.

Біз, «педагогика және психология» мамандығының 06404 – топ студенттері жуырда мамандығымыздың қаншалықты қасиетті екендігін, көп қырлы екендігін ұғынсын, студенттік өмірді босқа өткізбей әр күнін тиімді өткізуге ой салсын деген ниетпен 1 курс студенттеріне арнап «Жылы жүректен – жақсы тілек» атты кездесу кешін ұйымдастырған болатынбыз.

Кеш барысында биылғы жылы Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Яссауи атындағы Халықаралық қазақ – түрік университетінде оздырылған VI Республикалық пәндік олимпиаданың 3 орын иегерлері «Мегамайд» командасы, яғни 4 курс студенттері мен 3 курс студенттерінен құралған қыздар командасы сайыстан алған әсерлерімен бөлісіп, сабақпен қатар ғылыми конференцияларға, олимпиадаларға, түрлі қоғамдық шараларға қатысуға шақырды.

Сонымен қатар Шуппасова Жаслина «Студенттерге арнау» оқып, Галиева Аякөз бен Нұғманова Марал «Көңілді күн», «Туған жер» әнін орындаса, мың бұралған биші қыз Басшыбек Гүлдана «Қазақ биімен» көрермен ықыласына бөленді. Енді бір сәтте топ студенттері бірлесе флэшмоб, түрлі ойындар ұйымдастырып, психология гимнін шығарды.

Кеш қонақтары түрлі тренингтермен, тартымды өлең шумақтарымен өрілген кештен алған әсерлері ерекше екендіктерін жасырмады.

Факультет деканы Ергалиева Гүлжан Алғазықызы: «Жүректіңіз тек жақсылыққа, мейірімділікке толы болсын, сонда ғана жылы жүректен жақсы тілек шығады», - деп тілек білдіріп, осындай тәрбиелік мәні зор шаралардың ұйымдастырылуын қолдайтынын айтты.

Айгерім ҚУАНЫШҚАЛИЕВА,

педагогика және психология мамандығының 4 курс студенті

Күздің тамаша күндерінің бірінде студенттік билетті табыстау мақсатында оқытушы Сабырғалиева Назгүл Бақтығалиқызының ұйымдастыруымен салтанатты көш өткізілді.

Студенттік билет табысталды

Шара барысында II курс студенттері би билеп, ән шырқаса, енді бірі жайдарман әзілдерді, поэзиялық туындыларды мәнерлеп оқу сияқты өнерлерін ортаға салды. Сонымен қоса, студенттік өмірдегі сапалы білім, өнегелі тәрбие жайлы қызықты әңгімелер айтылды. Түрлі ойындар ойналып, студенттерге бұл кеш көтеріңкі көңіл-күй мен естен кетпес қуаныш сыйлады. Шара соңында кураторымыз оқытушы-магистр Н.Б.Сабырғалиева сөз сөйлеп, студенттерге ақ жол, жарқын болашақ тіледі. Осы кеште студенттер өздерін «нағыз студент» ретінде сезінді. Кеше ғана мектептен түлеп ұшып, жоғары оқу орнына түссем деген ізгі ой қалықтаған буын, бүгінде студент атанды. Махамбет университетінің білім алушы жас толқындарына жаңа леп қосылды. «Болашаққа – нық сеніммен!».

Назерке ТҰРАРБЕК,

08101-топ студенті

Заңға бағыну, заң талаптарын орындау әрбір тұлғаның қоғам алдындағы міндеті. Заң аясында барлық азаматтардың мүдделері мен бостандықтарымен тең дәрежеде қарастырылады. Қазіргі таңда заңға бағынбау, заң талаптарын орындамау, заңға қарсы шығу сияқты аталмыш факторлардың жиынтығын қоғамнан көріп, бұқаралық ақпарат құралдарынан да хабардар болу үстіндеміз. Осы орайда қазіргі жастардың тәртіп бұзушылықтары, арадағы кемшіліктерін, кішігірім қылмыстардың орын алуын жиі еститін болдық. Сол себептен де олардың алдын алу мақсатында заңгер аға-апаларымызбен қарашаның 12-ші жұлдызында 1-курс студенттерімен жиналыс оздырылды. Бұл жиналыста берген мағлұматтардан үлкен кеңес алды деген сенімдемін. Атап өтетін болсам, бұл жиналысқа Қ.А.Исмагулқызы, Қ.Ф.Гусманқызы, С.Д.Анастаевич секілді аға-апаларымыз ат басын тіреді. Заң аясында қоғамда болып жатқан күнделікті тәртіп бұзышылықтарды және оның алдын алу туралы көңінен тоқталды. Ата заңымызға 2013 ж. 1-ші қаңтарынан бастап жаңа заңдардың қолданысқа енгізілгенін тілге тиек етті. Бұл орайда студенттердің негізгі құқықтары мен бостандықтарын С. Д.Анастаевич атап өтті.

Қоғам болмысы – заңмен тең

Қоғамдық орындарда, мәдениетті болып, тәртіп бұзбау туралы оқыс оқиғаларды болдырмау туралы кеңінен тоқталды. Жастық шақта тәртіп бұзған студент болашақта мемлекеттік жұмысқа орналасуының өзі қиынға соғатынын атап өтті. Жұмысқа орналасқанда әрбір тұлға еңбек шартымен келісім жасасып, өз құқықтарын қорғау туралы сөз болды. Әкімшілік құқық кодексында ең алдымен тергеу, сөзін тыңдау, тексеру кейін әділ жаза қолдану туралы атап көрсетті. Бұл негізде де, жеңілдіктер қарастырылған. Жүкті әйел адамға, көп балалы анаға, әлеуметі төмен отбасыдан шыққан тұлғаларға жеңілдіктер қарастырылған. Жылма – жыл жазаны жеңілдету, өлім жазасын болдырмау сияқты заң аясымен тоқтайды. Әлемнің жаһандану үрдісінде, ғылым-білімнің дамыған заманында адам санасының өзгеруі, заң бұзушылыққа жол беруі өмірдің қалыптасқан үрдісі секілді. Елбасының 2050 – стратегиясында әрбір қазақстандықтың бас бостандығын, адам құқықтарының тең дәрежеде болып, әлем елдерімен бәсекеге қабілетті болу туралы өз жолдауында атап көрсетті. Қазіргі қоғамда тәртіп бұзушылық қарапайым темекі тұқылын, сусындар мен ішімдіктердің, шағудың (семечка) қалдықтарын тастаудан басталады. Мысалы, 3-10 күн аралығындағы жалақыны қысқарту немесе осы кезге дейін 5000 теңгеден 18000 теңгеге дейінгі аралықты қамтыған болса, мұның мөлшері кейінгі жылы 20000 теңгені құрайтыны туралы сөз болды.

Кәмелетке тоқталмағандардың ісі жөнінде де сөзге тоқталды. Түнгі сағат 22:00 –ден кейін жүрмеу жасөспірімдердің ішімдіктерге әуес болуы, мектеп сабақтарына қатыспауы, үйге келмеуі секілді күнделікті орын алып жатқан факторларға тоқталды. Бұл орайда ата – анасының құзырында болғандықтан да тікелей ата-анасы баласы үшін жауап беріп, айыппұл төлеуге міндеттеледі. 18-жасқа дейінгі жасөспірімдерді түзету коллониясына режимін өтеу туралы жағдайларда қарастырылады. Жастар арасында есірткіге салыну үдеп бара жатқан үлкен қасірет. Бұл дегеніміздің өзі ересек тұлғаларымыздың денсаулығының нашар, өмір жасының төмен болатынына шүбә жоқ. Бұл орайда оның алдын алу және оны болдыртпау, көрген жағдайда тез арада құзырлы мекемелерге айтып, заң бұзушылыққа жол бермеу туралы көзделеді. Қазіргі жастардың арасында кішігірім ұрлықтардың орын алуы да үлкен қылмыспен тең. Себебі тұлғаға материалдық моральдық шығын келтіреді. Айыппұл мөлшері 3704 теңгеден басталады. Біз өскелең жас ұрпақ заң бұзушылыққа жол бермей әдепті, мәдениетті тұлға болып қалыптасып, еліміздің жаһандану үрдісіне атсалысайық!

Аида ХАСАНОВА,

06101 топ студенті, педагогика факультеті

«Дана» журналының бас редакторы журналист Қазбек Қабжанов Құттымұратұлы бүгінгі таңда Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің филология: қазақ тілі мамандығының 02305 топ студенттеріне «Бұқаралық коммуникация құралдарының тілі мен стилі» пәні бойынша дәріс береді.

ЖУРНАЛИСТ

Қазбек Қабжанов Құттымұратұлы

Жоғары білімді ұлағатты ұстаздан білім нәрімен сусындап жатқанымызға қуаныштымыз. Журналист болудың қыр-сырын үйретуде Қазбек Қабжанов Құттымұратұлының тәжірибесі мол. Студенттерді өз мамандығының хас шебері болуға білімімен қоса ақыл-кеңесін беріп үлкен дәрежеге жетуге баулуда. Осындай үлкен дәрежеге жету мақсатында қажырлы еңбек еткен Қазбек Қабжанов Құттымұратұлы Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы бойынша журналистика мамандығын бітірген ең білікті, озық ойлы журналисттердің бірі. Журналистика саласы қызығы мен қиыншылығы қатар жүретін сала. Болып жатқан оқиғаны дер кезінде халыққа жеткізуді және дұрыс ақпарат беруді талап етеді. Журналистер тек ізденіс үстінде жүреді деген Қазбек ағайдың осы сөзін санамаызға сіңірдік. Мен болашақта Қазбек Қабжанов Құттымұратұлы сияқты мамандығымның адал қызметкері болу үшін көп еңбектенемін. Және осы журналистика саласы бойынша Қазбек Қабжанов Құттымұратұлынан сауалнама алдым.

-Қазбек ағай журналистика мамандығын таңдауға кім себепкер болды?

-Ағам Жәнібек Әбілпейісов журналистика мамандығында оқыды. Ол – журналист, әрі ақын. Қызығушылығым содан артты деп ойлаймын. Ағамның көмегі арқылы ҚазҰУ–нің журналистика факультетіне оқуға түстім.

-Іс-сапарларда немесе жұмыс кезінде болған қызықты оқиғаларыңызды айтсаңыз?

-Көбіне іс-сапарларда қызықты оқиғалар орын алады. Жаңақала ауданы, Бекетай құмы шегі мен шеті жоқ жерге іс-сапарға шықтым. Бір кезде төбемізден тарс етіп бірдене атылды. Негізі ол жақта ешқандай үй жоқ. Уаздан басқа көлік жүрмейді екен. Осындай қиын жерлері болды. Және «Орал өңірі» газетінде жұмыс жасап жүргенде бір қарт адам келді. Оралманмын ауыл әкімі күн көрсетпейді, олай ете берсе көшеміз деп хат



әкелді. «Елім деп келген қазақты неге өз жерінен тебеміз» атты мақала етіп шығардық. Бағанағы қарт басқа бір адамның атын жамылып жалған хат әкелген екен. Газет бетіне жарияланғаннан кейін бір адам редакцияға телефон шалды. «Неге сіздер тексермедіңіздер менің аты-жөніммен мақала жазыпсыздар. Мен олай ештеңе жазған жоқпын, енді ауыл әкіміне қай бетіммен қараймын?» - деді. Біз хатты әкелген қартты іздеп таба алмадық. Газеттің келесі санына редакциямызға телефон шалған қарттан кешірім сұрап мақала бердік. Бір жағынан бұл бізге үлкен сабақ болды. Енді кім қандай мақала әкелсе де сол адамның төлқұжатымен тексеріп алатын болдық.

-Болашақ журналисттерге айтар кеңесіңіз?

-Журналист- жауапкершілігі мол болуы керек. Сақ болуы керек. Өйткені оның жазған бір сөйлемінің өзі бәрін өзгертеді. Сондықтан әр жазған мақаласына мән беріп, тексеріп ой елегінен өткізіп жариялағаны жөн.

-Қазбек Қабжанов Құттымұратұлы сауалнамаңызға үлкен рахмет.

Жұмысыңыз жемісті болсын.

Ұлмекен ЫСҚАҚОВА,

филология: қазақ тілі мамандығының 3 курс студенті

Жұмыр жерден жұртымды іздеп келемін...

19 қараша күні ақын, жазушы, драматург, аудармашы Берқайыр Аманшин Сәлімұлының 90 жылдық мерейтойына орай М.Әтемисов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің ғылыми кітапханасы мен қазақ филологиясы кафедрасы және Ж.Молдағалиев атындағы облыстық әмбебап-ғылыми кітапханасы бірлесе отырып «Жұмыр жерден жұртымды іздеп келемін...» атты әдеби кеш өткізді.



Әдеби кешті қазақ филологиясы кафедра меңгерушісі, ф.ғ.к., доцент З.Мүтиев өзінің алғы сөзімен ашты.

Кеш тізгінін ұстаған БҚМУ магистрі Абдрахманова Индира Б.Аманшиннің өмірі мен шығармашылық жолына қысқаша тоқталып, баяндама жасады.

Кешке арнайы шақырылған Қазақстан Жазушылар Одағының мүшелері Айтқали Нәріков пен Серік Ықсанғали ерекше құрметке ие болды. Ардагер ұстаздарымыз өз естеліктерімен бөлісіп, жылы лебіздерін білдірді. Кеш еркін сұхбат негізінде басталып, 02203-топ студенттерінің ұйымдастыруымен шағын

мерекелік концерт жалғасын тапты.

Топ студенттері Н.Ахмет, А.Аманғалиева, А.Қалабай, А.Жылқышева ақынның сыры терең, сыңғыры бөлек, сыршыл өлеңдерін нақышына келтіре оқыса, 1 курс студенттері А.Шығыров, А.Ниязбаева, Н.Қайырова, А.Зинелова, А.Қоңырбаева өздерінің жүрекжарды туындыларымен кештің көркін қыздыра түсті. Қаржаубай Кәмшат ақынның шығармаларының ішіндегі шоқтығы биік туындысы – «Махамбеттің тағдыры» романының мазмұнынан қысқаша дерек беріп өтсе, мәдениет және өнер факультетінің 1 курс студенті Қойшин Алтынбек қара домбыраның күшімен «Көңіл толқыны», «Адай» күйлерін төгілтіп жіберді.

Кеш барысында ақынның өмірі мен шығармашылығына арналған кітап көрмесі жасақталып, слайд шоу көрсетілді.

Қорытынды сөз доцент, ф.ғ.к. Р.Қазықызына берілді. Сөз кезегін алған Ж.Молдағалиев атындағы облыстық әмбебап-ғылыми кітапхана директорының орынбасары С.Кенжебаева келген қонақтар мен студенттерге алғыс айта отырып, осындай кештердің жалғасын таба беруіне тілектестік білдірді.

Кеш соңында университетіміздің ғылыми кітапхана директоры Т.Алибекерова кеш қонақтарына толағай табыстар тілей отырып, естелік сыйлықтар табыс етті.

Ақсана ЖҰМБАБЕВА,

қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының 2 курс студенті

20 ноября 2014 года в Западно-Казakhstanском государственном университете имени М.Утемисова прошла встреча студентов кафедры русской филологии с учителями русского языка и литературы школ города. Встречу открыла ведущая кафедрой, к.ф.н, доцент Умарова Гульнара Сидегаалиевна.

Будущим учителям наука

Мероприятие было проведено с целью знакомства студентов с новыми формами и методикой обучения в современной казахстанской школе.

Перед студентами выступили учителя Подстепновской лингвистической гимназии Умит Тухтарова, Венера Максұтовна и учитель школы №1 г. Уральск Жанар Амангельдиевна Кусанова.

Гости рассказали студентам о современных методиках и подходах к изучению русского языка и литературы в школе, а также об инновациях, которые можно использовать на уроках. В отличие от методики советской системы, работа ученика не оценивается отрицательно. Тухтарова акцентировала внимание будущих учителей на равноправные отношения между обучающим и обучающимися. В обучении по новой технологии школьники принимают участие в оценивании работы на занятиях. Студенты, заинтересованные темой встречи, задавали учителям вопросы касательно ведения уроков, роли учителя и ученика в познавательном процессе. В завершении мероприятия было решено продолжить практику встреч и обмена опытом.

Встреча прошла в дружелюбной обстановке. Студенты задавали вопросы, на которые учителя с удовольствием отвечали. Подобное мероприятие проводится на кафедре не впервые. Студенты и преподаватели планируют в дальнейшем расширять контакты с коллегами.

Алия ЕРБОЛАТ, Татьяна ЛИТВИНОВА,
магистранты 1 курса филологического факультета



ЖАС ТАЛАНТТАР ӨЗ ӨНЕРЛЕРІН ПАШ ЕТТІ

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті мәдениет және өнер факультеті деканатының ұйымдастыруымен, 10-29 қараша күндері аралығында факультет студенттеріне «Студент жастардың мәдени – шығармашылық қабілеттерін дамытудың жаңа технологиялары» атты ғылыми-тәрбиелік айлық оздырылды. Осы айлық барысында оздырылған ең тамаша жоба «Талант 2014» фестивалі өткізілді.

Оқу ордасының төрінде мәдениет және өнер факультетінің 1 курс студенттері бас қосып, жарыса шапқан бұл жоба қараша айының 29 ші жұлдызында өз мәресіне жеткен болатын. Ендеше өнер додасының басталуы мен шешуші кезеңіне дейін қалай өткізілгендігін еске түсіріп көрелік...

Жалпы ережесіне тоқталатын болсақ:

Осы ереже М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті мәдениет және өнер факультетінің студенттерінің өнерге деген құштарлығы мен талантын арттыруға арналған «Талант-2014» жобасының өткізілу тәртібі мен шарттарын анықтайды. Байқауда факультеттің 1 курс студенттерін 2 топқа бөліп, сайыстырды. Топ ұжымдарына мәдениет және өнер факультетінің студенттік деканының мәдени- тынығу жұмысы бойынша орынбасары Жұмат Райымбек жетекші болып бекітілді.

Байқаудың негізгі мақсаты мен міндеті:

Бірінші курс студенттерінің арасындағы достықты қалыптастыру, сонымен қатар бір – бірімен жақын таныстыру, ұжымның ауызбіршілігін арттыру және білім алушылардың таңдаған мамандығына деген білім алушылардың қызығушылықтарын арттыру;

Студенттер арасынан таланттыларды анықтау және ынталандыру;



Байқаудың өту барысы:

Қараша айының 13 жұлдызында «Заңғар шың» тақырыбында 1-курс студенттері өз өнерлерін ортаға салып таңдаған тақырыптарын ойдағыдай көрсетіп, қатысушы көрермендермен қазылар алқасының көңіліннен шығып жоғары деңгейде ұйымдастырды.

Қараша айының 15 күні сағат 15:00 екінші топ ұжымы да сахна шымылдығын ашып, университет студенттеріне өнерлерін ұсынды. Концерт бағдарламасына сенбі күніне қарамастан мәдениет және өнер факультетінің деканы Исатаев Мейрам Исатайұлы қатысып, көрермендермен концерттік бағдарламаны тамашалады.

Шоу бағдарламаларында барлық өнер түрі болды десем қате айтпаған болар едім. Мың бұралған бишілер, күміс көмей әншілер, термешілер, күйшілер, тіпті, ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың «Қош махаббат» атты мұнды драмасынан үзінді де қойылды.

Көрермендерге бұл концерт ұнаған болуы керек, орындарынан тұрып қол шапалақтап, қошемет көрсетті. Ең алғаш Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің сахнасына шығып тұрған 1 курс студенттері үшін бұл үлкен жетістік болды.

«Талант 2014» фестивалінің шарықтау шегі:

Қараша айының 29 жұлдызы Халықаралық студенттер күніне орай «Студент жастардың мәдени-шығармашылық қабілеттерін дамытудың жаңа технологиялары» атты ғылыми-тәрбиелік айлықтың қортынды кеші аясында «Талант 2014» фестивалін қортындылады. Жалынды жастарымыз, лүпілдеп соққан жүрегімен Қазақ елінің мерейін асқақтатуда аянбай, өнер көгінде де үздік екендіктерін көрсетуге әбден тырысты. Ереже бойынша он жеті номинация бойынша, сонымен қатар алғыс хаттармен марапатталды.



| Аты-жөні | Мамандығы | Номинация атауы |
|----------------------------------|--------------------------|--------------------------|
| Бауеденова Фариза Сайфетденқызы | Музыкалық білім | Үздік әнші |
| Жұбан Ернарар Мәлсұлы | | |
| Тілекәбіл Гүлжанат Қоныспайқызы | Дәстүрлі музыка өнері | Үздік орындаушы |
| 2-топ ұжымы | 1 курс студенттері | Үздік би ұжымы |
| Мулдабекова Гүлбану Бақитовна | Мәдени-тынығу жұмысы | Көркем сөз шебері |
| Шукаев Сағындық Төлеуович | хореография | Үздік жүргізуші |
| Кенжеғалиева Алина Қайырбекқызы | Мәдени-тынығу жұмысы | |
| 2-топ ұжымы | 1 курс студенттері | Үздік қойылым |
| Игілік Бағила Әскерқызы | Мәдени-тынығу жұмысы | Үздік жас ақын |
| Плыговка Марина Андреевна | Мәдени-тынығу жұмысы | Үздік мақала |
| Қуспанова Аружан Косаевна | Дизайн | Үздік сахналық безендіру |
| Жұбан Ернарар Мәлсұлы | Музыкалық білім | Үздік бейне ролик |
| Рахимов Оралхан Наушабатырұлы | Мәдени-тынығу жұмысы | Ерекше жанр |
| «Оң аяқ» жайдарман командасы | 1 курс студенттері | Үздік жайдарман |
| Шамғалиев Ерлік Мерекевич | Музыкалық білім | Үздік шығарма |
| 2 – топ ұжымы | Мәдени-тынығу жұмысы | Талант 2014 |
| 2-топ ұжымы | 1 курс студенттері | Үздік сән үлгі |
| Камелова Раушан Думанқызы | Мәдени-тынығу жұмысы | Көрермен көз айымы |
| Таулина Зарина Батырқызы | Мәдени-тынығу жұмысы | Үздік сценарий |
| Ташқалиев Асылбек Буржанович | хореография | Алғыс хат |
| Шадиарова Ақгүл Сейілханқызы | хореография | Алғыс хат |
| Темиров Ерген Қазбекович | Мәдени-тынығу жұмысы | Алғыс хат |
| Уалиахметов Нұрлыбек Бекболатұлы | Музыкалық білім | Алғыс хат |
| Амантай Дәулет Амантайұлы | Бейнелеу өнері және сызу | Алғыс хат |

«Талант 2014» фестиваліне қатысушы 1 курс студенттерінің пікірлері:

Гүлжанат ТІЛЕКҚАБЫЛ,

«Дәстүрлі музыка өнері» мамандығының 1 курс студенті:

«Қандай да бір тамаша идея, я бір керемет тақырып болмасын, шынайы көркем формаға бөленіп, талантты реалистік шешімін таппаса, көрермендерге ешқандай әсер ете алмайды», - деп атақты суретші, профессор Б.Иогансон айтқандай біз де бұл жобаға кереметтей дайындалдық. Себебі, бізде белгілі бір идея, айтамын деп отырған ой бар деп ойлаймын. Талант-2014, барлық қатысушы студенттерді бірлікке, татулыққа, ұйымшылдыққа, ізденіске, әсіресе достыққа шақырды. Мақсат орындалды. Барлығымыз бір үйдің баласындай бірлікті болғасын жұмыла көтерген жүк жеңіл болды. Мәдениет қайраткері Крупская: "Бірлесіп күресу үшін күшті ұйымшылдық керек. Саналы тәртіп керек"- деп айтқандай, кеңесіп шешкен шешімнің кемісі болмас. Мәдениет – халықтың ең үлкен рухани азығы. Бұл салаға көрінген көк атты келе бермейді, халыққа мәдени қызмет көрсететін маманның өзі мәдениет пен білімді кемел игерген адам болуға тиіс. Сахна саңлақтары қосылған жерде кереметтей концерт қою, идеямен көмкеру, біздің міндетіміз. Концерт өз дәрежесінде

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің мәдениет және өнер факультетінде 2014 жылдың 20 қарашасында Халықаралық студенттер күніне орай ұйымдастырылған «Дәстүрін ұмытпаған дана халық» атты шығармашылық сайыс өтті.

Дәстүрін ұмытпаған гана халық

Бұл шығармашылық сайыстың басты мақсаты қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрін, ырымын, ұлттық ойындарын жастар арасына насихаттап, келер ұрпаққа жеткізу және бос уақыттарын тиімді өткізу болатын. Бұл сайыс салт-дәстүрге байланысты өткізілді. Сайыс 4 кезеңнен құралды. Таныстыру, сұрақ-жауап, өнер көрсету және ұлттық тағам әзірлеу. Сайысқа 1-2-3-курс студенттері қатысты. Қатынасқан топтарымыз өздерінің өнерлерімен көпшілікті таңғалдыра білді. Мысалы: «Мәдени-тынығу жұмысы» мамандығының 1-курс студенттері Кенжеғалиева Алина, Әділбай Серікболсын, Темирболатова Перизат, Қалиолла Татмира есімдерін ерекше айтуымызға болады. Мәдениет және өнер факультет деканының орынбасары Абуова Роза Сүйеуғалиқызы бастаған әділқазылар алқасы қатысушы топтарымыздың өнеріне тәнті болып, әділ бағалады. Сайыс соңында өздерін жақсы деңгейде таныта білген, өнерлерімен, білімділіктерімен, алғырлықтарымен, көзге түскен топтарды өнертану және мәдени тынығу жұмысы кафедрасының аға оқытушысы, магистр Жұмағалиева Гүлжазира Ермекқызы арнайы дипломдармен және алғыс хаттармен марапаттады. Жеңіске жеткен топтарымызды шын жүректен құттықтаймыз! Салт-дәстүрімізге байланысты өткізілген сайысымыз ерекше құштарлығы бар студенттер қауымына ерекше әсер қалдырды.

Гүлжазира ШАУКЕРОВА,
Мәдени-тынығу жұмысы мамандығының
3 курс студенті

өтті деп ойлаймын. Бұл жоба студенттердің әр түрлі қырынан ашылуға мүмкіндік берді. Дайындық барысында түрлі қызықтар болды. Әрине, әрқалай мамандықтардан қосылған соң басында түсініспеушіліктер, келіспеушіліктер де болды. Уақыт өте келе бір-бірімізді түсініп, жұмыс жасадық. Қойылған талап осылай еді. Бізге түрлі идея келді. Бірде кино әлеміне саяхат жасасақ, бірде концертті шоу ретінде ұйымдастырғымыз келді. Дегенмен, соңында белгілі бір телеарнаның бір күніне жол тартуды жөн көрдік.

Бұл идея бұрын қайталанбаған өзгеше бір ой болды деп ойлаймын. Әсемдік мазмұны мен форманың, мейлінше, жаратылысында, концерттің белгілі бір әдемі үйлесімді болуы, әрине дизайн және сәндік өнер мамандығы студенттерінің еңбегі деп білемін. Біздің концерттіміз барлық жанрларды қамтыды деп ойлаймын.

Өнер бір мақсатқа қызмет етуі тиіс. Ол мақсат – адамдардың тамаша нәрсені тануына, өмірге ынтықтығын онан сайын арттыруға көмектесу. Жалпы, жоба бізге көп ізденісті, болашаққа деген үлкен тәжірибе жинауға мүмкіндік берді. Концерттіміз сәтті аяқталды, көрермендерге осындай тамаша көңіл-күй сыйлағанымызға қуаныштымыз.

Байқаудың қорытынды кешінде үздік орындаушы номинациясы бойынша қазылық еткен Әлібек Жұмашев ағамыздың қолынан марапатталдым. Алдағы уақытта факультет, сонымен қатар университет намысын қорғап, көптеген байқаулардан бас жүлдемен жеңіске жетіп, университетіміздің беделін асқақтауға уәде беремін...

Марина ПЛЫГОВКА,

студентка 1курса специальности КДР:

13 ноябрь на сцене Западно-Казахстанского государственного университета им. М.Утемисова состоялось яркое мероприятие нашего факультета – конкурс «Талант-2014». В этом году конкурс разделили на 2 этапа, т.е. всех участников поделили на две группы. Я попала в первую группу.

Наша группа решила провести шоу в стиле ужасов, создав на сцене соответствующую атмосферу.

Еще во время репетиций конкурса в команде сложилась теплая и дружеская атмосфера, чувствовалась искренняя поддержка: кто-то подавал микрофон, помогали с костюмом, выносили реквизит и прочее. Например, для моего номера все парни выдвигали на сцену роль. И всегда ощущалась поддержка старшекурсников, а их участие стало хорошей мотивацией. Лично для меня конкурс явился первой ступенькой в вузе.

Уже на этапе подготовки конкурса у меня было ощущение, что я стала участницей грандиозного события. Мгновения волнения, и я уже на сцене, живу этими несколькими минутами, эмоциями и чувствами. Это было незабываемо! И лишь потом понимаешь, что самое страшное – сделать первый шаг на сцену. Еще в процессе подготовки к шоу я отметила, насколько сильные и яркие у меня соперники. И это обстоятельство еще больше разжигало соревновательный дух.

Участие в конкурсе – уже большая победа. Но когда объявили меня в числе победителей, я ощутила огромный восторг! Я благодарю моих друзей, одноклассников, всех, кто верил в меня.

Міне, Халықаралық студенттер күніне орай «Студент жастардың мәдени – шығармашылық қабілеттерін дамытудың жаңа технологиялары» атты ғылыми – тәрбиелік айлықтың аясында оздырылған «Талант 2014» фестивалін ұйымдастыруға ұсыныс білдірген факультет деканатына, мәдениет және өнер факультетінің студенттік деканатының атынан алғысымызды білдіреміз.



«Екі ішектің бірін қатты, бірін сөл-сөл көм бұра, нағыз қазақ-қазақ емес, нағыз қазақ-домбыра» деп жерлесіміз Қадыр Мырзалиев дегендей М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті ұйымдастыруымен қараша айының 14-ші жұлдызы күні «Жырласа жастар, жырласын!» деп аталатын облыстық студент-жастар арасында аламан айтыс додасының бірінші кезеңі өткізілді.

«Жырласа жастар, жырласын!»

Бастау алған сөз додасының басты мақсаты жас, дарынды ақындардың қабілеттерін арттырып, оларға қамқорлық көрсету, қазақ тарихында өзіндік орындары бар ұлы тұлғаларымыздың асыл мұраларын дәріптеу, айтыс өнерін насихаттау, жас ұрпақты ұлттық ата-дәстүр рухында тәрбиелеу болып табылады. Аламан айтыс 3 айналымнан тұрады. Бірінші айналым тақырыбы «Жырласа жастар, жырласын!» деп аталып, бұл кезеңде тақырып аясында жастар саясаты, жастар мәселесінің күні-бүгінгі халі жөнінде жырлаған болатын. Ал, алдағы уақытта өткізілетін екінші айналымда айтыскерлер «Аққан жұлдыз» тақырыбында, Ақжайықтың ақтаңгер айтыскер ақыны Асылбек Ишанов туралы жырлайды. Осы айналымда айтыскерлердің барлық ұпай сандары есептеліп, қорытынды айналымға жолдама алған төрт айтыскер анықталады. Үшінші айналым, яғни қорытынды бөлімде Керей мен Жәнібек бастаған Қазақ хандығының 550 жылдық мерейтойына арналады. Осы бөлімде қатысушы жас айтыскерлер облысымызға белгілі аға буын айтыскерлермен сөз додасына түсетін болады.



Орақ ауызды, өткір тілді жас айтыскерлеріміздің басын бір қазанға біріктірген аламан доданың басты қолдаушыларында атап өтсек, олар: М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті ректораты, Батыс Қазақстан облысы жастар саясаты жөніндегі басқармасы, «Жас Отан» жастар қанаты қалалық филиалы және Батыс Қазақстан облысы жастар қауымдастығы.

«Сен тұр, мен атайын, сен тыңда, мен айтайын» дегендей республикаға белгілі айтыскер ақындар Талғат Мықи, Эльдар Ихсанов, Мұрадым Мирланов, Айнабек Бисенғалиев әділқазылық қызмет атқарды. Облыста алғаш рет студент-жастар арасында оздырылуды бастаған жыр додасына 12

айтыскер ақын қатысып, келесі кезеңге 8 айтыскер ақын жолдама алды.

Ұлы өнердің шыңы биік асқарысын
Таңдамайтын ешқашан жас-көрісін.
Қазағымның төрінен орын тапқан,
Айтысым менің мәңгі мақтанышым!-дей келе, көрерменді ерекше мақамдарымен, тосын жерден сөз таба білу қасиеттері жыр бәйгесін ерекшелей түскен жас айтыскерлерге келесі айналымда да сәттілік жолдасы болсын деген тілек білдіреміз!

Гүлфәни ЕРСАЙЫНОВА,
жас тілші

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің мәдениет және өнер факультетінде 2014 жылдың 20 қарашасында Халықаралық студенттер күніне орай ұйымдастырылған «Дәстүрін ұмытпаған дана халық» атты шығармашылық сайыс өтті.

Дәстүрін ұмытпаған дана халық

Бұл шығармашылық сайыстың басты мақсаты қазақ қалқының ұлттық салт-дәстүрін, ырымын, ұлттық ойындарын жастар арасына насихаттап, келер ұрпаққа жеткізу және бос уақыттарын тиімді өткізу болатын. Бұл сайыс салт-дәстүрге байланысты өткізілді. Сайыс 4 кезеңнен құралды. Таныстыру, сұрақ-жауап, өнер көрсету және ұлттық тағам әзірлеу. Сайысқа 1-2-3-курс студенттері қатысты. Қатынасқан топтарымыз өздерінің өнерлерімен көпшілікті таңғалдыра білді. Мысалы: «Мәдени-тынығу жұмысы» мамандығының 1-курс студенттері Кенжеғалиева Алина, Әділбай Серікболсын, Темірболатова Перизат, Қалиолла Татмира есімдерін ерекше айтуымызға болады. Мәдениет және өнер факультет деканының орынбасары Абуова Роза Сүйеуғалиқызы бастаған әділқазылар алқасы қатысушы топтарымыздың өнеріне тәнті болып, бағасын берді. Сайыс соңында өздерін жақсы деңгейде таныта білген, өнерлерімен, білімділіктерімен, алғырлықтарымен, көзге түскен топтарды өнертану және мәдени тынығу жұмысы кафедрасының аға оқытушысы, магистр Жұмағалиева Гүлжазира Ермекқызы арнайы дипломдармен және алғыс хаттармен марапаттады. Салт-дәстүрімізге байланысты өткізілген сайысымыз ерекше



құштарлығы бар студенттер қауымына ерекше әсер қалдырды. Жеңіске жеткен жеңімпаздарды шын жүректен құттықтаймыз!

Гүлзира ШАУКЕРОВА,
мәдени-тынығу жұмысы мамандығының 3-курс студенті

«Жалындаған жастық шақ» жасасын!

Ақын деген бір бұлақ, көмілер көзін ашпасан, - деп Жамбыл Жабаев ақын атамыз айтқандай 2014 жылдың 11 қараша күні мәдениет және өнер факультетінде Халықаралық студенттер күніне орай өткізілген «Жалындаған жастық шақ» атты жас ақындар поэзиялық көші өтті.

Кеш жоғары деңгейде ұйымдастырылған – деп Республикалық ақындар мүшайрасының жүлдегері «Қазақ тілі мен әдебиеті» бөлімінің 4-курс студенті Базарбаев Азамат кештің соңында өз бағасын берді. Кешті ұйымдастырған мәдениет және өнер факультеті, «Өнертану және мәдени-тынығу» кафедрасының оқытушысы А.А.Сундетқалиева.

Байқауға факультеттің жас ақындары қатысты. Сайыстың әділқазылар құрамында «Өнертану және мәдени-тынығу» кафедрасының аға оқытушысы Сәнді Мұратқызы Сағатқалиева, «Өнертану және мәдени-тынығу» кафедрасының оқытушысы Әлия Ахметқызы Сундетқалиева, Республикалық ақындар мүшайрасының жүлдегері «Қазақ тілі мен әдебиеті» бөлімінің 4-курс студенті Базарбаев Азамат болды.

Поэзиялық кеште студенттік өмір тақырыбына арналған өзіндік қалам шеберліктерімен шығарған қатысушы жас ақындарымыздың өлеңдері оқылды. Өлеңдері студенттерді тебіренетін сезімдерге толы махаббатқа, сонымен қатар толқытатын қиын да, қызық сәттеріне арналды.

Өмірлері өлеңдеріне, өлеңдері жандарының жазба нұсқасына айналған жас ақындарымыздың барлығы биіктен көрінуге



тырысты. Кеш қорытындысы бойынша ІІІ жүлделі орынды мәдени-тынығу жұмысының 1-курс студенті Игілік Бағила, ІІ ші жүлделі орынға мәдени-тынығу жұмысының 1-курс студенті Меңдіқұлов

Татмира ҚАЛИОЛЛА,
1-курс студенті

17 ноября во многих странах мира отмечают праздник День студента. Не исключением является и Казахстан, в котором ежегодно отмечается этот праздник.

Так как мы только первокурсники, для нас День студента был в новинку, и мы сначала не осознавали, что это и наш праздник тоже! Но наш любимый ЗКГУ сделал все, чтобы мы почувствовали себя не только настоящими студентами, но еще и счастливыми студентами!

Первый, по-настоящему студенческий!

С самого утра при входе в университет нас поздравляли все: сначала работники гардероба, потом буфетчицы. И конечно наши дорогие преподаватели, зайдя в аудитории, поздравляли нас и желали всех благ. Мы, в свою очередь, тоже не оставили без внимания работников вуза, ведь все они – бывшие студенты!!!

В университете царил праздничная атмосфера: веселые студенты, яркие плакаты с пожеланиями на стенах, подготовленные студентами старших курсов, за что им большое спасибо. Это был лучший день в нашей студенческой жизни, и мы уже не ожидали чего-то больше. А было ох как интересно!

В этот же день состоялся грандиозный концерт в актовом зале, подготовленный студентами факультета культуры и искусств. На протяжении всего вечера с публикой работал талантливый, зажигательный ведущий, который просто не давал нам сидеть на месте – Тимур! Он устраивал конкурсы, глосования и просто очень весело шутил. Стоит отметить такие яркие номера, как песня Нурлашева Даулета, Бибигуль и Айданы, Райымбека и Жанар. Порадовали завораживающие композиции хореографической студии, зрители не жалели ладоней и аплодировали на протяжении всех танцев!

Группа КВН очень нас повеселила - спасибо ребятам за их юмор, весь зал хохотал до слез. Но самым потрясающим, по крайней мере для меня, был - айтыс! Два молодых человека так профессионально и чутко играли на домбре, что я была в полном восхищении и изумленно смотрела, открыв рот, и даже боялась моргнуть, чтобы не пропустить ни одного виртуозного движения их рук! Браво! В общем, концерт прошел замечательно, зрители получили колоссальный заряд настроения и позитива! Но это еще не все...

На следующий день студентов ждал еще один сюрприз – конкурс пародий «Точь-в-точь». Участники конкурса – студенты первого курса филологического факультета. Вели шоу – начинающие ведущие, мои одноклассники, и просто отличные ребята – Кайсар и Айя. Также было высокоуважаемое жюри, во главе которого был декан филологического факультета – Кыдыршаев Абат Сатыбаевич! Мне посчастливилось сидеть рядом с деканом, и я могла наблюдать, как он радуется и смеется от души вместе с нами, это было вдвойне приятно!

В начале еще никто даже не подозревал, насколько это будет весело и зажигательно! А зажглись зрители после шикарного эпичного выступления Сабины, которая пародировала Леди Гагу. Шикарный наряд, прическа и макияж, а также все движения и мимика были точь-в-точь! Она так жила в роль, что нам не хотелось, чтобы эта пародия заканчивалась. Мы аплодировали стоя. Что немаловажно, ее номер отметил Абат Сатыбаевич, который на протяжении всего номера рукоплескал. Это помогло ей занять почетное третье место! Дальше было еще интереснее - мои одноклассники Эльмира и Анастасия выступили с пародией на заслуженных артистов России – Людмилу Гурченко и Бориса Моисеева! Образы были продуманы до мелочей: Анастасия в образе Моисеева была в классической мужской рубашке и розовом пиджаке, а Эльмира в элегантном кружевном платье. Как оказалось, они талантливые пародисты – было похоже все: манеры, походка, движения и даже взгляд. Их номер прошел на ура, студенты смеялись и рукоплескали, они выступили блистательно, в итоге девочки заняли второе место! Ну а первое место досталось студентке первого курса группы 03103 Эльнаре Кумаровой с пародией на Макпал Жунусову! Все зрители с первой секунды ее появления на сцене отметили поразительное внешнее сходство! Ну а когда она начала петь голосом Макпал и двигаться как певица, то зал взорвался в овациях! Мы пели и танцевали вместе с ней! Это была очень искусная пародия!

После торжественного вручения грамот и похвальных листов студенты еще долго не расходись: фотографировались и вспоминали смешные моменты!

Так прошел мой первый и самый лучший День студента. Хочу сказать спасибо всем, кто принимал участие в концертах, конкурсах и праздничных мероприятиях!!! Поздравляю тебя, ЗКГУ!!!

Юлия ЗИНИНА,
03104-гр.

Орынбек, ал І орынға режиссура мамандығының 3-курс студенті Шамуратов Даурен ие болды. Сонымен қатар кеште «Музыкалық білім» мен «Вокалдық өнер» мамандығының 1-курс студенттері «Қазақтай ел қайда», «Алтын бесік» әндерін орындады. Кешті жүргізген мәдени-тынығу жұмысының 1-курс студенттері Рахимов Оралхан мен Камелова Раушан. «Жалындаған жастық шақ» поэзиялық көші көрермендердің жүректеріне нұр сыйлап, өлең тіліне студенттердің сүйіспеншілігін арттырды. Осындай кештер көп болғай дейміз.

БҚМУ менің жарқын болашағым!

Мен сонау жыр елі, сыр елі Қызылорда облысы, Арал қаласынан келдім. Қазір педагогика факультетінің «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» мамандығының 1 курс студентімін. Осы Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік Университетіне түсу менің алға қойған мақсатыма болатын. Және осы мақсатыма жетуіме «СЕРПІН – 2050» бағдарламасы көмектесті. «СЕРПІН – 2050» бағдарламасы бойынша мен ең бірінші осы Ақжайықтың мекені Орал қаласына оқуға түстім. Орал қаласы қасиетті, киелі жер, табиғаты сондай тамаша, әсіресе, Жайықтың бойына барып, мөлдір, тұнық суына қарап отырғанның өзі керемет нәрсе. Ал ондағы өзім армандап келген М.Өтемісов атындағы БҚМУ 80 жылдан астам тарихы бар, ең мықты университет. Мен осы университетте алға қойған мақсатыммен үздік маман иесі болатыныма сенімдімін! Өйткені, БҚМУ-дың мұғалімдері сауатты, білімді, ибалы, бізге білгендерін үйретуден жалықпайтын ұстаздар. Осындай ұстаздардан сауат ашқан менде жақсы маман болып шығып, артымыздағы ұрпақтарға жақсы тәлім-тәрбие беремін деген сенімдемін. Әрине, бұның бәрі маған осындай мақсат қойғыза білген және сол мақсатыма жетуіме көмектесетін «СЕРПІН – 2050» бағдарламасы болмақ. Серпін бағдарламасы маған көптеген жеңілдік берді, көп көмектесті. Қазақстан Республикасын, яғни оңтүстік пен батысты бір-бірімен араластырып, жақын қарым қатынас орнатып жатыр. Маған жайлы жатақханаға жатуға мүмкіндік берді. Осындай мүмкіндікке ие болған мен бақыттымын! «СЕРПІН – 2050» бағдарламасын ұсынған елбасымызға алғысым шексіз. БҚМУ менің жарқын болашағым!

Жарқын ТӨРЕАХМЕТОВА,
«Педагогика» факультеті, «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» мамандығы, 06101 топ



Мен Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке Би кентіндегі Алтынсарин атындағы мектепті биылғы жылы бітіріп шықтым. Менде мектеп оқушыларымен бірге ҰБТ сынағына қатысып, алған нәтиже бойынша М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті «Физика» мамандығына «Серпін-2050» бағдарламасы негізінде оқуға түстім. Осы жоба туралы конкурстық құжат тапсырар алдында БАҚ-нан естіп

білдім, кейін Қызылордаға барғанымда да жоба туралы көп айтып түсіндірді, содан соң оқу орындарын таңдағанда Оралды да жазамын деп шешім қабылдадым.

Менің Оралға оқуға түсуіме себепші болғанды осы жоба. Бір жағынан БҚМУ-да оқуға бар жағдай жасалғандығы туралы, әрі әлемнің көптеген университеттерімен байланыс жасайтындығы туралы, білікті мамандар дайындап шығара алатындығы туралы жан-жақтан естіп білдім, сондықтан осы университетті таңдадым. Әрі Оралға Қызылордадан тікелей тез келуге болады, әрі «Серпін» жобасының көптеген жеңілдіктері болатынын ескердім.

«Серпін» жобасы ол жастарға жасалған үлкен мүмкіндік. Жоба жастар арасындағы білімсіздікті, жұмыссыздықты жоюға, жастар арасында мәдениет пен спортты дамытуға зор мүмкіндік береді. Жоба аясында келген жастарға көптеген жеңілдіктер жасалған. Атап айтқанда: өте аз ұпаймен мықты университеттерге түсуге болады, жатақханамен толық қамтамасыз етеді әрі үйге баруға және кері келуге де мүмкіндік жасалған.

Әсия АЛМАТ,
физика-математика факультеті, 04105 топ

Біз енді студентміз!

Мектеп бітіп, болашаққа қадам бастық, Университет есігін жаңа аштық. Жан-жақтан жиналған студенттер, Арасынан көптеген достар таптық. Атыраудан, Алматы, Маңғыстаудан, Жиналыпты біздерге жан жағынан Сөйлеуден де, бәрінен, өзгешелік, Байқалады істеген қылығынан. Ең алғаш танысқанда ұстаздармен, Ерекшелік бар екен мектебімізнен, Балалық та, барлығы, артта қалды, Ер жеткенімді сезіндім сол күнімнен. Универде адамып алғашқыда, Таба алмай кабинетті жалтақтадық Корпуста корпусқа ауысқанда, Сүрініп, жол бойында құлап жаттық Қазір, міне, жөнге біз келгендейміз, Универдің заңдарын көргендейміз, Студенттік билетті қолға алып, Оқу орын мүшесі боп жүргендейміз. Сыйластықты сақтап біз ұстаздармен, Табыстарға жетуге ант етеміз! Төрт жылдық оқудың арасында, Белсенділік танытуға сөз береміз!

Ұлдана ЖЕТПІСОВА,
педагогика факультетінің 1курс студенті

Серпін сыйлаған сый

Қазақстанның келешігі – бүгінгі жастар қауымына мемлекеттен түрлі деңгейдегі көмектер жасалып, қолдаулар көрсетілуі. Сонау 1993 жылы елбасы Н.Ә.Назарбаевтың бастамасымен жасалған «Болашақ» халықаралық степендиясы мыңдаған шәкірттердің ұлы өмір жолының жарқын болуына, қазақ елінің іргетасы мықты болып қалыптасуына өзіндік үлкен көмегін тигізген болатын. Міне, осы сара жолдың жалғасы ретінде биылғы жылқы жылында «Серпін-2050» бағдарламасы жасақталған еді. Жобаның мақсаты талапкерлерге ақысыз оқу орындарын ұсынып, елімізге жетіспейтін кадрлар даярлап шығу. «Мәңгілік ел жастары - индустрияға» деп аталатын ұранмен түрлі олқылықтың орнын толтыру көзделген. Өткен оқу жылы (2013-2014жж.) 2500 грант бөлінген екен. Сондай-ақ, бағдарлама жатақхана, шәкіртақы, өз өңіріне барып келумен қатар жұмыс тауып беру үшін кепілдік беріліп, барлық жағдай қамтамасыз етілді. Менде осы «Серпін-2050» бағдарламасының аясында М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің грантын иемдендім. Серпін бағдарламасын естіген соң, Мемлекеттік конкурста 4 қаланың бірі ретінде Оралды және «тарих» мамандығын жазған болатынмын. Конкурстың қорытындысы шығып, грантқа түскен 10 адамның қатарынан өзімді көргенде қатты қуандым. Бұл хабар маған өзімнің туылған күнімде жеткен болатын. Бірнеше күннен соң жинақталып, арман қуып, тарихына көз тұнған Орал қаласына үлкен арман арқалап келдім. Қыркүйектің бірі күні өмірімдегі ерекше күн, студенттік жылым басталды. Мен Маңғыстауымның М.Әбдіхалықов мектебін бітіріп, атағын ел таныған М.Өтемісов атындағы БҚМУ-дың студенті атанғаныма мақтанамын. Ауылдағы ата-анам мен ұстаздарымның артқан үмітін ақтап, осы университетті жақсы аяқтап, тарих мамандығынан жоғары дәрежелі мұғалім болып шығу мен үшін ұлы міндет және мақсат. Елімнің болашағы үшін адал қызмет етіп, өз еңбегімнің жемісін, жеңісін көремін деп сенемін.



Сымбат АМАЛОВА,
тарих, экономика және құқық факультетінің 1 курс студенті

**Менің кішкентай отаным**

Мен сіздерге өзімнің кішкентай, бірақ мен үшін бәрінен қымбат, кіндік қаным тамған, балалық шағымның куәсі болған ауылымды, ауылымның теңдесіз табиғаты жөнінде айтқым келеді.

Мен Батыс Қазақстан облысы, Шыңғырлау ауданы, Тасмола ауылында дүниеге келдім. Ауылдың табиғаты өте керемет. Ауылдың сыртынан Жіңішке өзені ағып өтеді, ол Артизан бұлағынан бастау алады. Өзеннің арғы жағында көптеген ағаштар қатарласа орналасқан, ол ағаштарды «Ғашық тал» деп атаймыз. Шығарманың негізгі тақырыбы да осы еді. Ауылымыздың сыртында бірнеше километр қатар егілген ағаштар орналасқан. Ол тоғайды Ғашық Сағадатұлы Совхоз директоры болған кезде Тасмола ауылының шығыс беткейіне оңтүстіктен солтүстікке қарай бірнеше қатар етіп ұзындығы 3 км, ені 400-500 метр етіп ағаштар еккен. Оның ішінде: аққайың, шырша және жиде ағаштары бар. Ағаштарды отырғызған себебі ауылдың шығысы құмды күмбездерден тұрады. Құм көшіп ауылды, соның ішінде құмды күмбездің бері жағында Жіңішке өзені ағып жатыр. «Сол өзенді басып қалу қаупі бар», - деп осы мақсатта отырғызған.

Ғашық атай тек бұл тоғайды ғана емес, сонымен қатар ауылдың батыс бөлігінің солтүстік жағына жеміс бағын өсірген. Ғашық атай осы ағаштардың көшеттерін Ресейдің Орынбор деген өлкесінен әкелген және өсіретін мамандарды бірге әкелген. Еккен ағаштары өсіп кеткенімен мамандар үнемі қадағалап отырған. Бұл тоғайдың ішінде де бірнеше бұлақтар бар. Мектебіміздің арнайы сенбілік ұйымдастырып тоғайдың ішін тазалауға, бұлақтардың көзін ашуға барамыз. Оның құрметіне бұл тоғайды «Ғашық тал» деп атап кеткен. Бұл ағаштардың егілгеніне 50 жыл, жарты ғасыр уақыт өткен екен.

Қазір Ғашық атай жоқ болса да, оның екен ағаштары әлі күнге дейін жайқалып, ауылдың сәнін келтіріп тұр. Ғашық атай жоқ болса да, оның есімі әрқашан халық ауызында. Сонымен қатар, Ғашық атай Совхоз директоры болған кезде, көшеде халат, трико секілді киімдермен жүруге тыйым салған, 1972 жылы ауылдың оркестры болған, көшелердің барлығында жарық орнатылған болған екен. Ғашық атай: «ауылды Еуропалық үлгідегі қала етеміз», - деп мақсат қойған екен, алайда ғұмыры қысқа болды. Ғұмыры қысқа болса да, ауылдың болашағы үшін көптеген игі істер жасап үлгерді. Біз Ғашық атайды әрқашан мақтан тұтамыз.

Инжу СЕМБИЕВА,
1-курс студенті

СТУДЕНТТІК КЕЗЕҢ - ҮЛКЕН БІР ӨЗЕН

Күз айының алғашқы күні! Университеттің қоңырау сыңғырының алғашқы үні естіді. Астасып жатқан студенттердің бейнесінде қуаныш пен нұр сезімінің толқуы байқалады. Себебі біздей алғашқы курс студенттері үшін ересек кезге қадам басып, білім белсене көш бастайтын күн. Өмір белесінің биік деңгейіне жету – ол мамандықтың туын ұстау. Әрбір тұлға үшін үлкен бақыт – артына өшпес із қалдыру. Мен де педагог маманы ретінде, жас қаламгер ретінде артымда із, өшпес мұра қалғанын қалаймын. Педагог мамандығын таңдаған егеменді еліміздің адал маманы, сапалы ұстаз, терең ізденіс жүйесін қалыптастырып, патриотты тұлға болып қалану. Бұл мамандық – үлкен қажырлықты, таусылмас төзімді, үлкен сабырлықты қажет ететін мамандық. Міне, осы аталғандарды жеңе білу педагог маманының негізгі парызы және міндеті деп білемін.

Биылғы жылдың маусым айынан бастап Ғылым және Білім министрлігінің ұсынуымен ең алғаш рет «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» факультеті ашылды. Мен бұл факультеттің алғашқы түлегі болатыныма өте қуаныштымын. Себебі біз болашақта балабақша тәрбиешісі болып, білімнің негізін үш тілден бастау алғызып, жас ұрпақты мектепке даярлаймыз. Бұл жұмыс үлкен қажырлықты, асқан жауапкершілікті және баланың психологиясымен жұмыс істеуді қажет етеді. Дегенмен де кішкене бөбектерді білім мен тәрбиеге қатар жетелеу қоғам қатарына қосып, үлкен азамат етсек, нұр үстіне нұр болар еді.

Студенттік өмірдің алғашқы күндері өз ерекшеліктерімен мәңгі есте қалады. Ең алғаш оқу күнінде өз оқу ғимаратыңды таба алмай жаңасуымның өзі, құрбыларымының есімін жаттап алу көпке созылды. Әрбір сабақтың өзіндік ерекшелігі бар. Сонымен қатар, ұстаздардың өз сабақ жүргізу үрдісі әртүрлі. Көп уақытымды кітапханада өткізіуімнің өзі әртүрлі мағлұматтармен таңыс болу – білімді әрмен қарай шындағанымың белгісі. Қазіргі таңда мен, М.Өтемісов атындағы БҚМУ-дың студенті болғаныма ризамын және мақтан тұтамын. Өмір белесінің жаңа парағын ашып, жастық шақтың өміріне қадам бастым. Алау атқан әрбір таң өз ерекшелігімен атып, өз қызығымен батады. Дегенмен де білім арнасында да ағындар кездесіп тұрады. Үздіксіз оқуды, ізденістерді қажет етеді. Мектептен алған шынайы білімнің жемісін көріп жүрмін. Себебі мектеп жасынан ғылыми жобалар қорғап, аудандық, облыстық жарыстардың бел ортасында жүріп, поэзия әлемін де қатар алып жүрудің нәтижесінде 47 мақтау қағазы мен бір алтын белгі иегері атандым. Университеттің ұлы ұлағатты ұстаздарына бас иемін. Себебі адал біліммен сусындатып, қанаттандыруға атсалысып жатыр. Қазақстан Республикасының ең таңдаулы, дәрежесі жоғары, әлемдік алпауыт университеттермен бәсекелес оқу орындарының бірі болғанына мақтан тұтамын. Өз елімнің егемендігінің еңсесі биік, толыққанды білім нәрі жинаған, саналы, сапалы, адал тұлғасы болуды парыз санаймын. Еліміздің болашағы біздей жалынды жастардың қолында өкпені кәміл сенемін. Сөзімді жыр жолдарыммен жалға етсем:

**Шуағы асқан, мерейі тасқан жастық шақ!**

Балалығым артта қалды сағым боп,
Қимастықпен қала берді бұлдыр боп.
Есейіп біз қалыппыз-ау шынымен,
Жастық шаққа қадам бастым жыр қылып.

Қызық дәурен студенттік кезең бұл,
Асыр салып, ән шырқайтын дәурен бұл.
Жастық шақтың алауында алаулап,
Бір мезетті жыр қылатын уақыт бұл.

Ұстаздармен таңыс болдық алғаш боп,
Құрбылармен араластық тым ыстық.
Бір топ болып қыздар болып қаланып,
Мамандықтың көшбасшысының бірі боп.

Универдің сыңғырын біз естідік,
Білімдердің түп қазығын жинадық.
Талай достар тапқан едік әр жерден,
Әр мекеннің тұрғыны боп жиналдык.

Мол білімнің біз көгіне өрледік,
Адалдықтың туын ұстап көгердік.
Тәуелсіздікті тәу етер тұлғасы боп,
Универдің кірпіші боп қаландык.

Аида ХАСАНОВА,
педагогика факультетінің 1-курс студенті

Нұрсұлтан Назарбаев
- тарих толғатып туған
ғасырдың тұлғасы,
- елінің жанын ұғатын,
- халқын замана көпірінен аман
өткізіп келе жатқан қамқоршы;
- еліміздің дарынды ұйымдастырушысы,
- көреген басшысы,
- нарықтық экономиканың терең
білгірі, аңқылдаған ақ көңіл;
- кекшіл емес, текшіл;
- жикшіл емес, көпшіл;
- жұртты сендіре де, иландыра да ала-
тын, өз елім менің – өзегім дейтін Азамат.

Мырзатай ЖОЛДАСБЕКОВ

МӘҢГІЛІК ЕЛДІҢ БИІК ТҰЛҒАСЫ

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің ғылыми кітапханасы 1 желтоқсан Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күніне орай қараша айының 24 мен 29 жұлдызы аралығында ашық кітап көрмесін ұйымдастырды.

Бұл кітап көрмесін ұйымдастырудағы мақсатымыз – Елбасының өмірі мен шығармашылығы, рухани өсу жолдарын, ел басқарудағы көрегендік қабілетін кеңінен таныстыру арқылы өнегелі өмірін жастарға үлгі қылу, өскелең жас ұрпақтың бойына еңбекқорлық, адамгершілік, имандылық сияқты қасиеттерді қалыптастыру және Елбасының жүргізіп отырған саясатын, іскерлік қабілетін, тәуелсіз Қазақстанның іргетасын қалап, шекарасын шегелеп, болашаққа бағыт-бағдар берген Мемлекет басшысының осы уақытқа дейінгі атқарған еңбегін халыққа жеткізу, жас ұрпаққа насихаттау. Сонымен қатар, осы көрме арқылы Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлының қазақ елі мен жері үшін жасап жатқан ұлы істерін насихаттау және жастарға қазіргі бейбіт, тыныш өміріміздің қадірін түсіндіру болатын.

Оқытушылар мен студенттер қауымы көрмеге қызығушылық танытып Президент күніне орай университетішілік ұйымдастырылған шараларға кітап көрмесіне деген сұраныс көптеп түсті. Мысалы: 27 қараша күні М.Өтемісов атындағы батыс Қазақстан мемлекеттік университеті ғылыми кітапханасы 1 желтоқсан Президент күніне орай «Н.Ә.Назарбаев: «Мен – Қазақстанның болашағына басымды тіккен адаммын!» атты дөңгелек үстел ұйымдастырылған болатын. Дөңгелек үстел кітап көрмесімен жандана түсті, шара соңында кітап көрмесіне библиографиялық шолу жасалып оқырман ашық кітап көрмесін ұзақ тамашалады. Сонымен қатар осы күні БҚМУ спорт сарайында университет оқытушылары арасында президент күніне орай ұйымдастырылған шараға да кітап көрмесі ұйымдастырылды. Көрмелерге Мемлекет басшысының әр жылдарда жарық көрген шығармашылық жұмыстары қойылып, әрқайсысына қысқаша түсініктемелер берілді. Айталық, «Қазақстан Республикасы» сериясының «Елмен сырласу» атты басылымына Президенттің ішкі тұрақтылық пен ұлтаралық келісімді, сыртқы саясатта жалпыға бірдей қауіпсіздік пен ынтымақтастықты, мемлекеттілікті нығайтуға бағытталған, өзара тиімді ықпалдастықты дамытуды мұрат еткен сөздері мен сұхбаттары енгізілсе, 2007 жылы жарық көрген «Қазақстан жолы» кітабында Қазақстанның қазіргі тарихының аса күрделі де жарқын сәттері баяндалады. Тоғыз тараудың әрқайсысы тәуелсіз жас мемлекетіміздің қалыптасу жолындағы айшықты қадамдарын ашып көрсетеді. Кітап Президенттің ел жастарына арналған үндеуі түрінде берілген.

Мәңгілік Еліміздің дамуы үшін сара жол, айқын жол «Нұрлы жолды» салып берген, бар күш-жігерін жұмсап, аянбай еңбек етіп, халқының үмітін ақтап келе жатқан Елбасымыздың аман болуы біз үшін бақыт. Себебі халқына еркіндікті, Тәуелсіздікті сыйлай білу – әрбір жан үшін аса қадірлі пір.

«XXI ғасыр – мәдениеттің, ғылым мен білімнің ғасыры. Бар білімнің қайнар көзі – кітапхана»

Н.Ә.Назарбаев



Ер есімі ел есінде

Қараша айының 27-ші жұлдызында М.Өтемісов атындағы БҚМУ ғылыми кітапханасы, ЖОО-дан кейінгі дайындық бөлімімен бірлесе ортырып көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, дарынды ғалым-тарихшы, профессор, педагог, Қазақ ұлттық медицина университетінің алғашқы ректоры Санжар Асфендияровтың 125 жылдық мерейтойына орай «Ер есімі ел есінде» атты дөңгелек үстел ұйымдастырылды.

Дөңгелек үстелді ЖОО-дан кейінгі дайындық бөлімінің жетекшісі Тастаева Жанна Кеңесқызы ашып, одан әрі «Ұлт мақтанышы (Санжар тағылымы)» атты фильм көрермен назарына ұсынылды. Сонымен қатар, М.Өтемісов атындағы БҚМУ магистранты Ж. Нурмуханов «Санжар Асфендияров – көрнекті қоғам қайраткері», ал М.Өтемісов атындағы БҚМУ магистранты Б. Мырзабаева «Санжар

Асфендияров – Қазақстан тарихы мектебінің негізін салушы» атты өз баяндамаларын оқып берді. Одан әрі көрермендер арасында қызу пікірталас туып дөңгелек үстел үлкен сұрақ-жауапқа ұласты.

Сонымен қатар «Ер есімі ел есінде» атты кітап көрмесі ұйымдастырылып, ол кітап көрмесіне библиографиялық шолу жасалды.

Еліміздің тізгінін ұстар ертеңгі ұрпақты, рухани бай, ұлттық рух пен ұлттық құндылықтарға бай тұлға етіп қалыптастыру үшін түрлі мәдени, рухани іс-шаралардың маңызы зор. Осындай шаралардың бірі 2014 жылы 19 қараша күні киелі қара шаңырақ М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде, ғылыми кітапхана мен қазақ филологиясы кафедрасы және Ж.Молдағалиев атындағы облыстық әмбебап-ғылыми кітапханасы бірлесе отырып белгілі ақын, жазушы, драматург, аудармашы Аманшин Берқайыр Сәлімұлының 90 жылдық мерейтойына орай «Жұмыр жерден жұртымды іздеп келемін» атты әдеби кеш ұйымдастырған болатын.

Университет кітапханасы ұлы жазушы Б.С.Аманшинді ұлықтады

Кеш қонақтары Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі Айтқали Нәріков пен Серік Ықсанғали және оқытушылар, кітапханашылар мен студенттер қатысты. Кештің алғы сөзін қазақ филологиясы кафедрасының меңгерушісі, ф.ғ.к., доцент Мүтиев Зейнолла Жақсылықұлы сөйлеп кеш қонақтарына қош келдің айтып кешімізді ашып берді. Одан әрі М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің магистранты Абдрахманова Индира Аманшин Берқайыр Сәлімұлының өмірі мен шығармашылығы туралы баяндап берді. Берқайыр Сәлімұлының көзін көрген кешіміздің қонағы Айтқали Нәріков сөз алып өз естеліктерімен бөлісті, оны көрермен қауым ұйып тыңдады. Осындай кейбір талантты ақын-жазушыларымыздың еленбей тасада қалып қоятындығы көңіл көншітерлік жайт еместігін атап өтті. Мұндай таланттарды бағалау кейінгі ұрпаққа дәріптеу ұлы іс екендігін атап өтті. Одан әрі Серік Ықсанғали сөз алып осындай зиялы тұлғаларды кейінгі ұрпаққа дәріптеу бұл біздің олардың алдарындағы борышымыз екендігін атап өтті.

Одан әрі Берқайыр Сәлімұлының төл өлеңдеріне кезек беріліп «Жайықта» Н. Ахмет - 02203 топ студенті, «Махамбет» Ж.Ибраги - 02203 топ студенті, «Ананың сәлемі» А.Қалабай - 02203 топ студенті, «Жайық вальсы» А.Аманғалиева - 02203 топ студенті, «Студент халқы» А.Жылқышева - 02203 топ студенттері ақынның өлеңдерін оқып берді, сонымен қатар 02203 топ студенттері «Махамбеттің тағдыры» романының әр тарауына жеке-жеке тоқтала отырып терең талдау жасады өз пікірлерін ортаға салды. Және университетіміздің

студенті Хойшин Алтынбектің күмбірлеген күйлері кешімізге жан беріп жандандыра түсті. Одан әрі университетіміздің 02104 топ студенті А.Зайнуллин «Махамбет бабам, тәнтімін сенің ісіңе», 02105 топ студенті А.Шығыров «Ұлылық иесі өлмеген...», 02105 топ студенті А.Ниязбаева «Тарпаң мінез текті ұл», 02105 топ студенті Н.Каирова «Тәуелсіздік тұлғасы», 02104 топ студенті А.Зинелова «Махамбетке арнау», 02103 топ студенті А.Қоңырбаева «Бабаға арнау» атты ерлік пен өрліктің символына айналған Махамбет бабамызға арнаған өздерінің арнауларын оқып тыңдарман қауымды бір сілкіндіріп тастады.

Кешімізді қорытындылау үшін доцент, ф.ғ.к. Мұхамбетқалиева Роза Қазықызы сөз алып кеш қонақтарына, студенттерге, тыңдарман қауымға өзінің алғысын жеткізді және Ж.Молдағалиев атындағы облыстық әмбебап-ғылыми кітапхана директорының орынбасары Кенжебаева Сара Күшалиевна Берқайыр Сәлімұлы сияқты дара да, дана тұлғаларымызды оқырмандарға насихаттауда осындай мәдени жұмыстардың жүзеге асырылуы қуантарлық жайт екендігін атап өтті, сонымен қатар, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің ғылыми кітапхана директоры Алимбекерова Тоты Еркінқызы Елбасымыз «Нұрлы жолға» балаған ертеңгі сара жолымыз бұлыңғыр емес айқын әрі анық болуы үшін біз мәдениетіміз дамыған, рухани құндылыққа бай Мәңгі Ел болуымыз керек, ол үшін біздің бүгінгі ұрпақты соған бағыттау керектігін баса атап өтті.

Ғылыми кітапхана

Тәуелсіздік туғасы

Ақын жанның жыры жанға жебе болып
қадалған,
Халық зары ер ақынның намысынан
қан алған.
Жау жүрегі, өр кеудесі асылдың,
Зар қазақтың төске тағар тұмарындай
жаралған.

Ұлт қаңғырып, салмақ түсіп аһ ұрды,
Намыс қысып жыр жебелі батырды.
Садағына Исатайдың байланып,
Дұшпанына найза болып атылды.
Шалқалап жүріп шала ханға қарғыды.
Аруақты ер халық жайың көргенде,
Тағындағы көк бөріні жапырды.
Алға бастап тек бостандық деп тұрды,
Жойды, қырды ауыз салған қасқырды.
Бауырымдеп төске басқан қазақтың,
Арасынан қорқау қасқыр тап болды.
Нарынды қиып найзадай жаны атылды,
Елі ұмытпас қаһарлы, қайсар батырды.
Азандай даусы жүрегінде қазақтың
Насым, жігер мөрі болып басылды.

Қуан батыр көкке қарап тұр елінің ту басы,
Өзі құрған тәуелсіздік арманының
сұлбасы.
Төске қысқан қазағымның нар ақыны,
асылы,
Ер МАХАМБЕТ-көк байрақты тәуелсіздік
тұлғасы

Нұржауған КАИРОВА,
02105 топ

Махамбетке арнау

Махамбетім-батыр бабам, нар тұлғам,
Ақтай білген сенімдерді артылған,
Сенің жалын жарларыңа құмар боп
Ізіңменен жүріп келем артыңнан.

Ей, ғасырлар, зырла мейлі, көш мейлі,
Алдыңда ешкім торымайды, кеспейді,
Қанша ғасыр өтсе дағы, қанша жыл
Мәңгілікке есіміңіз өшпейді.

Жырла жүрек, шырқа шабыт, шырқа мұң,
Өрнектелсін өлеңімнен жыр-тағылым,
Өрлігіңді ұлықтайды қазағың
Ерлігіңді ұмытпайды ұрпағың.

Кешегі мен өткенге айтып салауат,
Тарих өзі тағдырларды саралад(ы),
Сол тарихтан жеткен жауһар өлеңің
Өлмес мұра, келешекке аманат!

Сенім атты елім артқан жүкті ілдім,
Сол сенімді ақтау үшін кеп тұрмын
Қаламынан жыр туғызған жалынды
Жалғасымын Махамбеттей текті ұлдың.

Алмас қылыш, ақ найзасы қолында,
Аянбаған әділдіктің жолында,
Махамбеттей ерді өкелген қазағым
Жаса мәңгі, жаса елім, жалынды!

Айкөркем ЗИНЕЛОВА,
02104 топ

Кітапхана

Қалай білем өзіңді көп қарамай
Қызыл тіл құлаштаса шоқпарындай
Көптеген жайларыңа қанық болам
Беттесем кітапхана жаққа қарай

Табылады керегіңді жарақтасаң
Қызығына үңіліп қарап қалсаң
Сол сәтінде ұғынып түсінерсің
Мүлт жібермей әр бетін парақтасаң

Мәліметін іштегі танытуда
Құлағыңды түріп-ап таңы тыңда
Көңіліңнің құсына қанат байлап
Осқырыңан ақынның шабытында

Жаныма жадыраған күйде тұнды
Білесіз жақсылыққа үйретуді
Ерекше құндылық деп бағалаймын
Сенімен өткен әр сәтім минутымды

Білімнің қазанындай тасып тұрса
Мені де сол білімге машық қылса
Кітапхана қайта айналып келген кезде
Ақыныңа есің ашық тұрса

Абзал КАРИМУЛЛИН,
02305 топ



■ Зерттеу



Махамбет поэзиясындағы көнерген сөздер

Тілімізде көненің көзінде сақталып, ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып келе жатқан ақындарымыздың туындыларында түсініксіз сөздер жиі ұшырасады. Соның ішінде даламыздың дауылпаз ақыны, жыр жампозы атанған Махамбет поэзиясында түсініксіз сөздер немесе түсінікті, бірақ қазіргі заманда қолданыста жоқ сөздер жиі ұшырасады. Оның өзін-өзі елін терең сүюдің айқын үлгісі. Осы өлеңдеріндегі ақынның қолданысындағы көнерген сөздердің мәні мен мағынасын ашуға қызығушылық танытып, біраз өлеңдеріне шолу жасай отырып, зерттеу жасадым. Ақынның: «Мұңайма» өлеңінде: ...Қанды көбе киініп, Бір Аллаға сиынып, Ұрандап жауға тигенде, Кім жеңері талай-ды,

Жолдастарым, мұңайма!-деген жолдардағы эпитет түрінде келген «қанды көбе» сөзі көмескі тартып, қолданыстан шыққан сөз деп айта аламыз. Көбе-батырлар киетін сауыттың бір түрі екенін түсіндірмелі сөздіктен анықтадым. Немесе: «Әй, Махамбет, жолдасым» өлеңінде: ...Сырлы зерек аяқпен, Бал ұрттаған ер едім, Бір уақыттар болғанда . Көктей өтіп Жайықты, Бір қасық ішкен қара су, Жұмасына ас қылдым,-деген өлеңіндегі тағы да эпитет түрінде келген архаизм ақынның тілінің шеберлігін, сөз қолданысының шеберлігін аңғартады. Бірақ «зерек» сөзі бізге түсініксіз, көнерген сөз. Зерек-тостаған, қымыз,сорпа ішуге арналған сырлы ағаш ыдыс деп тағы да түсіндірме сөздікке жүгінемін.

Қайшылыққа толы қазіргі кезеңде көптеген көлеңкелі тұстарымызға жарық түсіп, өшкеніміз жанданып, ұмытылғанымыз жаңғырып, рухани бұлақтарымыздың бастауы ашылып, өткенге

құрмет көрсетіле бастағаны аян. Осымен байланысты өткен өмірдің көріністерін, рухани, материалдық мәдениетін, ұмыт бола бастаған көнерген кейбір ұғым-түсініктерді зерделеу барысында ұлт пен тілді бір тұтастыққа сабақтастыру-мұраларды зерттеудің жаңа да өзекті үрдістердің бірі.

Мысалы: «Еңселігім екі елі» өлеңінде: Құйрық жалын шарт түйген, Құм сағыздай созылған...

Құм сағыз- тамырына сағыз құрайтын шөп.
«Жалған дүние» өлеңінде: Құландар ішпес бұршақ қақ, Кімдерге шәрбат болмаған?!-деген архаизм кездеседі. Бұршақ қақ- тағам атауы деп топшыладым.

«Арғымақтың баласы» өлеңінде: Балағы түкті қоңыр қаз, Баттауыққа тоя оттамас, Сұңқарлар үлгі алар деп -келетін өлеңіндегі баттауық тағамы көнерген сөздер қатарына жатады. Баттауық-астық тұқымдасына жататын көп жылдық өсімдік туысы.

«Орай да борай қар жауса, Қалыңға боран борар ма? Қаптай соққан боранда Қаптама киген тоңар ма? Туырлығы жоқ тұл үйге, Ту байласаң тұрар ма?Ту түбінен тұлпар жығылса, Шаппаған нәмарт оңар ма?»- деген өлең жолдарында қаптама, туырлық көнерген сөздері өлеңнің мәнін ашып тұрғандай.

Қаптама-тон,күпі,ішіктің сыртынан киілетін сырт киім. Туырлық-киіз үйдің керегесін жауып тұратын киіз. Киіз үй бүгінгі таңда қолданысымыздан шығып қалғандықтан туырлық сөзі жас буынға түсініксіз болуы мүмкін.

Махамбет жырлары жорық, соғыс тақырыбы және сонымен қатар ханға, төреге қарсы күрескен, «дұшпанына келген тартынбай сөйлер асылмын» дейтін өлеңдерінде тарихи сөздердің жиі ұшырасуы кездейсоқтық емес.

Мәлдір СЕРІҚАЛИЕВА,
«ФҚТ» мамандығы, 02205-топ

■ Студент туындысы



Автобустағы оқиға

Автобус аялдамасы. Таң мен үйден күнделікті сабаққа асыға шығып, салқын күннің қармауында біраз тұрып, асыға күтетін автобусымның тұрағы. Күн күрт суытып кетті. Қазан айы қаһарымды көріңдер дегендей ызғарын ылаңдатады. Ауылдан әлі күртешелерімді ала қоймаған менің денем мұздап барады. Жанымдағы жандар сондай жылы көрінеді. «Еее, бұл адамдар өздерінің дәл қазіргі сәтте бақытты екендерін біле ме екен?!» деп қоямын ішімнен. Қалың теплек, қалың күртеше киіп әбден қамданып алыпты. Ал мен ше,сол баяғы намысым мен жігерімді жиып ап «қырықына шыдағанда, қырық бірине шыдамасаң атын құрысын!»,-деп тұрмын қасқайып. О, Жаратқанға мың алғыс!Асыға күткен автобусым таяулап

келеді. Қуанышым қойныма сыймай, сағынған ғашығын күткен бір бейуақтай, тоңғанымды ұмытып,толқып барамын. Бірақ сыртыман сабырлы, салмақты адамдарша жұртқа ілесе міндім. Ішім алай-дүлей ақтарыла шат көңілде екенін кім білсін?! Лық толы адам. Сенің көңіліңе қарап та жатырғаны шамалы. Жүріп келеміз, жүріп келеміз.Сан аялдамаға тоқтаған сайын жылжи түсемін. Бір мезет алдыма қарасам өзімнен 2-3 жас шамасында үлкендігі бар, неке жүзігін киген жас жігіт алдымдағы орындықта отыр екен. Қасына ата да жайғасқан. Қазақ баласының мейірімін, сыйластығын көріп өскен мен сол жігіттен ілтисіп кеттім. Оның:«Қарындас, жаурадыңыз ғой, мына менің орыныма отырыңыз» дегенін естимін бе деп ойлағам. Бірақ ол тіпті көз қияғын салмады да, басын төмен тастап отыра берді. Науқас па десем, ондайға ұқсамайды. «Жәе, осы автобуста келе жатырғанымының өзі бақыт қой! Қаншама адам сыймай жолынан қалды»,- деп жұбатамын өзімді. Бір кезде алдымдағы әлгі жігітті

■ Мнение

Начальные этапы взрослой жизни

Привет. Я студентка 3 курса. Сомневаюсь, что ты знаешь меня, но я больше чем уверена, что мы виделись где-то. Вот ты, читатель, может, ты учишься на 1 курсе. Может, ты на золотой середине 2 курса? Или ты, как и я на 3 курсе? А, ну я поняла... ты на 4 курсе? Ладно, как бы то ни было, мы все под одной крышей нашего 3 по счету дома – под крышей нашего университета.



Когда я закончила школу, было грустно и радостно. Грустно, потому что я покинула свою школу. Оставила учителей, которые многому научили меня. Распрощалась со своим классом. Попрощалась со своим 2-ым домом.

Ну а радостно мне было, потому что я открыла для себя новые двери, новые возможности. Поступив в новое учебное заведение с большой буквы. И мне было интересно все. Западно-Казахстанский государственный университет имени Махамбета Утемисова. Филологический факультет. Согласись, звучит гордо? И я многое поняла. Поняла всю важность обучаемых предметов, начиная с первого курса, я приобрела тут необходимый мне багаж знаний, да и в общем, я тут многому научилась. Познакомилась с огромным количеством учителей, которые желают нам только добра, светлого будущего, и достижений в жизни. Познакомилась с невероятным количеством студентов. Начиная с 1 курса, заканчивая 4 курсом. Каждый индивидуален по-своему. У каждого есть чему поучиться.

За 3 года я полюбила свой университет. Мне безумно приятно в нем все. Нравится заходить в библиотеку и чувствовать запах книг. Нравится наш деканат. Особенно то, как студенты становятся близки друг к другу, нас объединяет наше стремление узнать что-то новое, порой объединяют проблемы и то, как мы помогаем друг другу их решить. Инспектор, что готов уделить нам свое время, отложив свои дела. И конечно же главный двигатель нашего факультета – наш декан. Человек с большой буквы. Абат Сатыбаевич Қыдыршаев всегда рад помочь советом, наставить на верный путь. Он может порой и отчитать, но потом понимаешь, что это все надо было для нашего же блага. И который всегда стремится быть ближе к студентам. И знаете...вроде бы я только недавно поступила, а уже и 3 курс. Мне даже немножечко грустно от того, что мои студенческие годы скоро закончатся. Придется заново привыкать к новой обстановке, к новой жизни. Но мой один совет: наслаждайтесь каждым днем. Порой кажется, что все давит, что чуточку тяжело в университете, порой преподавателей не понимают, уроки даются тяжело и нет рядом родителей... Но это все временно. Я с улыбкой вспоминаю свои 1 и 2 курс. Это было самым чудесным мигом в моей жизни. Но одно радует, у меня еще 1,5 года.

Гауһар КУБАЕВА,
«Иностранный язык: два иностранных языка», гр.03303

жас ана қолы түртпектеді. Оның қолында кішкене ғана сәбиі бар екен: «Сіз орын бересіз бе,баламен ыңғайсыздау болып тұр еді» деп жай ғана ұн қатты. Әлгі мырза қатқыл дауыспен сұраққа жұмсақ тілмен айтқанда «кетіңіз!» деді де отыра берді. Қасында отырған атай болса орнынан түрегеліп жатыр еді, «рахмет, ниетіңізге,отыра беріңіз!», деп жас ана автобустан түсті де кетті. Менің жүрегім дір етті. Тек қана менің болмас, сол аймақтағы естірменнің құлағына салқын су құйылғандай болды-ау сірә. Осыншама тасжүрек, осыншама қатал адамды бірінші рет көруім еді. Сәбиге жаны ашымаған өркөкірек өктемдігінің сырын біле алмадым, білгім де келмеді. Өз аялдамама келген кезде қаттырақ аяғын жаныштап кеттім! Ана үшін, сәби үшін кегім болсын дедім.Білем, менікі де қателік.Бірақ суық күнде сәбимен қанғырып қалған ана үшін адамгершіліктен жұрдай ер азаматтың сыбағасын аз да болса бергеніме марқайып та қалдым. Шын сөзім!

Райхан НҰРЖАНОВА,
«ФҚТ» мамандығы, 02105-топ

■ Шешендік мәдениет

Ақылды ақырын сөйлер де, жауабын күтер.

С.Сарайи

Ұстамды әрі орынды сөйлеу ділмарлықтан көп артық.

Ф.Бэкон

Адамдармен олардың ақыл-парасатына қарай сөйлес.

Сағди

Ақылды болғың келсе, орнымен сұрауға, көңіл қоя тыңдауға, байсалды түрде жауап беруге және басқа айтар ештеңе жоқ кезде сөйлеуді доғаруға үйрен.

И.Лафатер

Мен өзімді тежеуге үйрендім, өйткені парасатты кісі өзін бетімен жібермеуге тиіс.

А.П.Чехов

Ірі сөзге – ізетті жауап.

Ж.Баласағұни

Айтар сөзді айт, Айтпас сөзден қайт.

Ә.Науаи

Сөз – есепсіз, тіліңді тый, тарт, ұста, Тыймаған тіл басыңа сор әр тұста. Есепті сөз – ер сөзінің асылы, Мылжың тілді « жау» деп ұғын тартыста.

А.Иүгінеки

Тілді көп ойнатпа.

Құтып

Жақсының жүзі жылы, сөзі майда.

Сүйінбай

Ерден ердің несі артық, Ептестірген сөзі артық.

Қазыбек би

Өз басыңды өзің ажалға душар етпес үшін, сөзіңе сақ бол. Өз тісінді өзің сындармас үшін, тіліңе сақ бол.

Ж. Баласағұни

Сенің әрбір қылығың басқа адамдарға әсер етеді. Қасыңда адам барын ұмытпа.

В.А.Сухомлинский

Жақсы мінез – бүкіл өміріңнің сарқылмас байлығы.

У.Гезлит

Мінез дегеніміз – моральдық әдеттердің жиынтығы.

А.Стендаль

Адамдар алдында ұялу – жақсы сезім, бірақ ең жақсысы – өзіңнен өзің ұялу.

Л.Н.Толстой

Жақсының сөзі – майдай, жаманның сөзі – найзағай.

Қашаған жырау

Сөз – ой-пікір шалқары, Сөз де адамға тартады. Қандай болса өздері, Сондай болар сөздері.

М.Әлімбаев

А.С. Қыдыршаевтың «Шешендіктану» кітабынан

«Шешендік мектебі» («Школа ораторства», «School of oratory») жаршысының жауапты редакторы А.С.Қыдыршаев, тілшілері - Ағса Рақымғалиева «ФҚТ» мамандығы, 02305-топ, Мәлдір Серіқалиева «ФҚТ» мамандығы, 02205-топ

“Махамбет” ғылыми-зерттеу орталығының жаршысы



МАХАМБЕТ

(Голос Махамбета - Makhambet's voice)

дауысы

№ 6(12), қараша, 2014 жыл

*Аз сөйлер де көп тыңдар,
Қас асылдың баласы.*

■ Елбасы

Елбасы – кеменгер, қайраткер

*«Адамзат тарихында ерекше бір мерзімдер болады,
болашақ өркениет тағдыры осыған байланысты өрбиді».*
Неміс философы Карл Ясперс

Баршамызға мәлім, 1991 жылы 1 желтоқсанда Қазақстан Республикасының алғашқы Президенті болып Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев сайланды. Содан бермен қарай Елбасымыз қазақ елінің тізгінін берік ұстап, басқарып келеді.

Қазақта «*Игі істі жақсы бастайды*» деген ұғым бар. Сол сияқты елдің басшысы қандай болса, елдің әлеуметтік-тұрмыс тіршілігі де соған тікелей байланысты болмақ. Тәуелсіздікке қол жеткізген жылдардан бастап өзге елдермен тереземіз тең болып жатқаны, әрине, қуантады. Елбасының көрегендік саясаты арқасында емін-еркін күй кешудеміз. «*Тәуелсіздікке қол жеткізген қиын болса, ал тәуелсіздікті ұстап тұру қиынның қиыны*» - деп Елбасы атап айтпақшы, қазіргі таңда дербес мемлекет үшін Президент жан-жақты өнегелі істер жасап жатқанына да куәміз.

Елді алға бастаушы көшті қалай сүйресе, арттағы көш солай беттемей ме?! Бабалар салған сара жолдан тайынбай, әрі қарай көштің басына ұмтылып келеміз. Өсіп келеміз. Өніп келеміз.

Президенттің былғы «Нұрлы жол» - болашаққа бастар жол» атты жолдауы қазақ қоғамына серпіліс туғызды. Қазақтың арғы-бергі тарихы, тілі, әдебиеті, экономикасы мен болашағы жайлы айтқан Нұрсұлтан Әбішұлының келелі пікіріне еліміздің әр тарапынан зиялы қауым өкілдері үн қосып, өз пікірлерін

білдіруде. Тұңғыш Президент өндіріс, денсаулық, білім беру салаларына аса ден қойып, әрқайсысын одан әрі жетілдіру барысында өзінің тиімді саясатын іске асырып келеді. Және бұл саясаты іске асып, өз нәсібін беруде. Жалпы, Елбасы – Қазақстанның ғана емес, бүкіл дүние жүзінің беталыс бағдарын болжай білетін кеменгер қайраткер.

Дамушы Қазақстанды одан әрі ілгерілетіп, озғын елдердің қатарына енгізуге деген Елбасының ұмтылысы өз ісіне деген сенімділігінің айқын дәлелі емес пе?! Қазіргі таңда Басшы басқарған ел – ең бай мемлекет, халқы - ең бақытты халық. Елбасының бастауымен Отанымыз әлемге танылды. Еліміз елдігін көрсетті, өрлігін танытты. Өлемдік деңгейде тойланатын *Президент күні* де кеше біздің ел күнтізбе тарихында өз орнын алып, тойланып келеді. Бұның өзі де еліміздің дамушылығын аңғартып тұрғандай.

Кеудесінде «қазағым» деп соққан нар тұлғалы Елбасымыздың есімі өмір кітабында алтын әріппен жазылатыны сөзсіз. Ынтымағы жарасқан қазақ халқы барда Елбасымыз мәңгі жасайтынына кәміл сенемін.

Риза ҚҰРМАНИЯЗОВА,
М. Тілеужанов атындағы шәкіртақы иегері

Махамбет – қазақ халқының мақтанышы

*Бір кездері керемет ерліктің үлгісі боп көтерілген
Махамбет бүгінде егемен елдіктің өшпейтін рухымен астасып жатыр.*
З.Қабдолов

Заманнан заман озған сайын ұмытылмайтын, ел есінде үнемі есімі жаңғырып, жасарып тұратын батырлар, ақындар жайлы ойлаған сәтте-ақ Махамбет есімі ойға оралады. Ол неге ұмытылмайды? Махамбет батырға не үшін сүйсінеміз?

Махамбеттің өмірі қайғы-қасіретті, өлеңі телегей теңіз тегеурінді, күдіретті. Махамбетті алыстан жарқыратып көрсетіп тұрғанда, міне, оның осы ерекше қасиеттері. Бұл – құдайдың бар пендесінің басына бұйыра бермейтін, бар пенденің басына қона қоймайтын тағдыр – құдірет. Өтемістен туған он баланың тоғызына емес, тек Махамбетке ғана бұйырған тағдыр сыйы.

Махамбет жайында жазба деректермен қоса ел аузында аңыз-әңгіме өте көп. Махамбет халық тағдырының күйзелісті қиян-қыстау шағында дүниеге келген алып тұлға, атқан оғы Еділ-Жайық тең өткен адуынды батыр екені де белгілі. Халық қозғалысының ұйымдастырушы көсемі, ту ұстаған тарлан десекте болады.

1837 жылдың қара күзінде Исатай, Махамбет, Қобыланбай, Үбі төртеуі төрт жасақ құрып, хан ордасының андысын аңдап, Орданы шабуға тас-түйін дайындалып, жігіттерді сойылмен ұруға, қылыштасуға, найзамен шабуға, жебемен атуға үйретіп жатады.

«*XIX ғасырдың бірінші жартысындағы әдебиетімізде адам образын сомдауда Махамбет тамаша шеберлік танытқан*» деген Қажым Жұмалиевтің тұжырымына бұрын да, бүгін де ешік шек келтірген емес, сондай-ақ ақын өлеңдері тақырыптық, кезеңдік жағынан топтастырылып, тілдік, құрылымдық жағынан да сараланады.

Бір сөзбен айтқанда, Абайды әлемге танытқан Мұхтар Әуезов болса, ал Махамбетті жарқырата ашқан Қажым Жұмалиев десек те болады. Оған профессор Ханғали Сүйіншалиев те біраз үлес қосты.

Махамбеттің жалынды жырлары, қағаз бетінде емес, көп жылдар, ел есінде – халық жүрегінде сақталады. Әрі батыр, әрі ақын бабамыздың бір қыры күйшілігі болып табылады. Оның батырлығына сай адуынды, серпінді күйлер шығарған домбырашы болғанын да ұмыт қалдыруға болмас.

Қазақтың қандай да болмасын ақын-жырауы немесе салсерісі қолына домбыра ұстамауы көңілге қонбайтын сияқты, әрі батыр, әрі ақын, әрі күйші Махамбеттің домбырасының болуы заңды да. 1982 жылы «Өнер» баспасынан жарық көрген «Шашақты найза, шалқар күй» деген атпен жарық көрген Махамбеттің жебелі жеті күйінің нотасы және шығу тарихы баяндалған.

Тегінде атақты адамдардың еңбектерінің бағаланып,

халыққа танылуында бір-біріне ұқсамайтын өз тағдыр-талиғасы, бақыт-баяны болады. Олардың бірқатарының сөзі мен ісі бірдей еліне жетеді, ал кейбіреулері зерттеушісі мен жоқтаушысын күтіп жатып қалады. Бірақ, бұл қағида біздің кейіпкерімізге еш қатысы жоқ деп есептеймін. Қаншама ғасырлар, заманалар өтсе де, қазақтың аспанында *Махамбет* атты темірқазық жұлдызы мәңгі жарқырап тұрар, жарқырай бергін, рухың жасай берсін, Батыр бабам!

Гүлфани ЕРСАЙЫНОВА,
«Филология: қазақ тілі» мамандығының
02405-топ студенті



■ Ұрпақ үні

Құрметті оқырман! Жаршымыздың өткен санында университетімізде ұйымдастырылған «Махамбеттің жыр-семсері» атты мұшайрада бас жүлде жеңіп алған жеңімпаздың өлеңін жариялаған болатынбыз, осы санына аталмыш мұшайрада 1, 2-орын алған «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 2-курс студенттері Сәкен Тұрсынбай мен Батуова Раббинаның өлеңдерін ұсынуды ұйғардық. Жас талапкерлер туындыларын қабыл алыңыз!

Сәкен ТҰРСЫНАЙ,
«Қазақ тілі мен әдебиеті»
мамандығының 02202-топ студенті

Махамбетке арнау

Жасампаз ұлы жұмыр білекті халқының,
Жеткені рас тарапқа түпкі даңқының.
Күресті батыр жағалай жатқан өр елін,
Жүздерін дағы баспасын деп жалпы мұң.


Жоқ еді онда намысы шіркін қайтатын,
Елім деп жықты бойында күш қайратын.
Қызыл тіл еді қаруы оның оқ өтпес,
Нәсердей соғып бұлқынып тұрып айтатын.

Жалынды жырды найзамен бірге қосақтап,
Патшаның сол кез құрсауын болды босатпақ.
Ақжолтай досы Исатай сынды батырмен,
Серік боп жүрді қарсы күресте қос аттап.

Нарынның ұлы ереуіл атқа ер салған,
Халқының мұңын арқалай жүріп жер шалған.
Үстемі биік қас батыр келген қарсыны,
Шындыққа дағы шықпастай десті енді алдан.

Қашырып құтын жауының өтті күресте,
Ар күшін мықтап лапылдап шықты күреске.
Бастауын беріп найзағайдайын жарқырап,
Сілтеді жолды азаттық дейтін ірі іске.

Раббина БАТУОВА,
«Қазақ тілі мен әдебиеті»
мамандығының
02201-топ студенті



Біздің жақтың таулары

Біздің өлке аталатын Нарын деп,
Ол туралы шырқалатын сарын көп.
Деседі жұрт Нарын деген ми дала,
Не таулары, биік шығар шыңы жоқ.

Жо-жоқ күнім!
Нарын құмда төбелер бар керемет,
Биіктігі батырлықпен өлшенет.
Біздің жақта тау жоғы рас, бірақ та,
Тайдан биік Исатай мен Махамбет.

Рухты жалын алаулады кеудеде,
Мақтанамыз, бабам батыр деп елге.
Нарын құмның жер жастанған төбесі,
Біздер үшін Гималайдан биікте.

Біздің жақтың тауларында сыр тұнды,
Өр төбенің биігінде жыр тұнды.
Махамбет пен Исатайдың биігі
Хан Тәңірі шыңынан да тұғырлы.

Тілім – теңдігімнің айғағы

Тіл дегенде тұманды ойлар маза алған,
Қарғыс үндер шығып жатыр мазардан.
Тіл дегенің теңдігіңнің айғағы,
Тіл болмаса мына барлық азар жан.

Тілді ойласам кетер жаным қамығып,
Құлатардай жақындасам жар – үміт.
Соры батпан тілім жатыр зар илеп,
Абай, Мұхтар, Шәкәрімді сағынып.

Қап-қара бұлт торлап жүр ғой аспанды,
Көз түк емес, жүрегіңнен жас тамды.
Келер болса, Бабаларым тіріліп,
Жұлып мүлде тастар ма еді бастарды?!

Оян, Қазақ, есіңе алып өткенді,
Тілім менің батпан мұңды көп көрді.
Өз елінің өрлігін еш көре алмай,
Ақын бала заманына кектенді.

Шертеді тіл сыр ғып байтақ даласын,
Тіл – ақиқат, тіл – тым биік дара шың.
Тіл дегенің – ұлылардың ұлысы,
Тану міндет адамзаттың анасын.

Тіл – мәңгілік таусылмайтын мол дастан,
Анам тілі әлдиімен көзді ашқан.
Тілім үшін жаным құрбан, себебі,
Маңдайыма «қазақ» деген мөр басқан.

Асланбек ШЫҒЫРОВ,
«Филология: қазақ тілі» мамандығының 02105-топ студенті

* Отан отбасынан басталады.

* Любовь к родине рождается у семейного очага.

* Love for the country begins with a family.

Патриот

(Patriot)

Филология факультетінің жаршысы, 2014 жыл, қараша, №3



■ Елбасы Жолдауы - студент-жастар қолдауы

Ғылымға бастар «нұрлы жол»

Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың қазақстандықтарға арналған әр Жолдауы маңызды рөлге ие. Тәуелсіз мемлекетіміздің мүддесі үшін жарыққа шығып жатырған тұлғамыздың аузынан түскен әр сөзі қашан да бағалы. Президент бастаған іс Қазақстан тарихындағы айтулы кезең саналады. «Нұрлы жол – біздің креативті ырғақты жастарымыздың мол күш-жігер жұмсап, кең құлаш сермейтін тұсы», - деп, Жолдаудың негізінде жастар жағдайын баса айтты. Тұғырлы елдің текті ұл-қызына тән саналы тәрбие, жан-жақты білім және қажырлы еңбек қасиеттері барша жастар қауымынан көрінуі тиіс. Сонда ғана алдағы күннің шуағы сезіледі.

ҚР Білім және ғылым министрлігінің жоғары және жоғарғы оқу орнынан кейінгі білім департаменті ұйымдастыруымен 2014-2015 оқу жылының жоспары бойынша, «Нұрлы жол – жастарды ғылымға бастар жол» тақырыбында филология факультетінің студенттерінің ғылыми-зерттеу жұмыстары конкурсының факультетішілік кезеңі жеті секцияға бөліне отікізілді.

Оқу бағдарламасының барлық бағытын қамтыған білім додасының бірінші кезеңі басталды. Қарашаның 25-інен бастап студент-жастарды ғылымға баулыған жетекшілер шәкірттерінің ғылыми баяндамаларын көпшілік назарына ұсына білді. Нәтижеде Елбасының нұрлы жолымен жүруді жөн көрген студент-жастар әр тақырыпта еңбектеніп, өзекті мәселелерді талқыға салды.

Студенттік ғылыми жұмыстар конкурсының алғашқы күнінен бастап, университет ғалым-ұстаздары секцияларға бөлініп, үйренуші үміткерлерінің баяндамаларын тыңдау сағатын ұйымдастырды. Бағдарламада берілген секцияларға жетекшілік ететін тұлғаларды тізбектейтін болсақ, «Шет тілін оқытудың әдістемесі» секциясына п.ф.к., доцент Қисметова Фалия Нағымқызы, «Шет тілінің теориясы» секциясына ф.ғ.к., доцент Чечетко Маргарита Владимировна, «Қазақ тілі мен әдебиеті» секциясына ф.ғ.к., доцент Мүтиев Зейнолла Жақсылықұлы, «Филология: қазақ тілі» секциясына ф.ғ.д., доцент Хасанов Ғабит Қайыржанұлы, «Орыс тілі мен әдебиеті» секциясына ф.ғ.к., доцент Умарова Гульнара Сидегаалиевна, «Қазақ тілін оқыту әдістемесі және шешендік өнер» секциясына п.ғ.д., профессор Қыдыршаев Абат Сатыбайұлы, «Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті» секциясына ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор Сұлтанғалиева Рита Бекжанқызы төрағалық етті. Аталмыш ғылыми жұмыстар байқауына 1-4 курс аралықтағы студенттер қатысты. Ғылымға уақыт бөлген жастардың белсенді атсалысуы, көптеп қатысуы көңіл қуантты. Ғылыми-зерттеу жұмыстары конкурсы барысында қатысушылар жан-жақты материалдар дайындаған. Тіл біліміндегі мәселер мен атақты абыз, ақын-жыраулар туралы түрлі еңбектердің берер пайдасы



жайында тақырыптар кең көлемде қозғалып, конкурсанттар сана деңгейлерінің жоғары екендігін көрсетті. Факультет ішінде оздырылған ғылыми сайысқа қатысқандардың барлығының жасаған жұмыстары елеусіз қалмайтындығы айтылды. Ендігі кезекте жүзден жүйрік жас ғалымдар екшеліп, олардың ғылыми еңбектерін одан әрі тереңдету мәселесі қолға алынбақ.

Елдің тірегі – жастар. Жүктелген жауапкершілікті абыроймен атқару кез-келген ХХІ ғасыр азаматының мойнында. Ғылыммен айналысу – биік білім деңгейіне ұмтылған парасатты қадам. Жаратылыстану, техника, әдебиет, мәдениет салаларын байланыстыра отырып елге зор пайда әкелер жаңалықтар ашу – алдағы міндеттердің бірі. Ендеше, жас дос, алтын уақыттың қадірін кетірмей, ілім қуар жолда болайық! Яғни, Елбасының артынан ерер «Нұрлы жолға» бағыттайық!

■ Үздік эссе



Тәуелсіз елім ыңдесе деймін

Көгінде қыраны қалықтаған, жазиралы даласында тұлпары ойнақтаған, атырабы қырмызы гүлге толған, бесіктегі ұл-қызы тектіліктің жырын құлағына құйып өскен, жауынан қаймықпайтын батыры, қара қылды қақ жарған билері бар қазақ даласы, қазақ халқы неткен керемет.

Бүгінгідей «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған» заманға жету үшін де қазақ халқы маңдай терін төгіп, аянбай жан берісті. Аттан түспеген батыры елім деп еңіреп, жерім деп қабырғасы қайысса, үш жүздің басын қосуды мұрат еткен ханы, даналықтың дөнін сепкен қариясы, тәуелсіздікті тұғырлы етсем деген жастары бар ұлы даланың қойнауы ғибратты тарихқа толы. Қазақ хандығының шаңырағын алғаш көтерген – Керей мен Жәнібек, елге тұрақтылықты енгізген – Есім мен Тәуке, алты алаштың басын қосқан – ер Абылай, дұшпанға дес бермеген – Кенесары хандары да асқар Алтай мен маңғаз Жетісудың, қарт Каспиймен, сылқым Ақжайықтың нәмі есінде. Сан қатпарлы, толғаншықа толы, ашылмаған беттері бар, маржан да, жаһұт та - біздің тарих!

Міне, осындай батыл да батыр, кеменгер де данышпан, тәуелсіз ұлттың өкілімін мен! Қаһарыммен жауын жасытқан, дұшпанын білектің де, жүректің күшімен де ала білген, менің қазағым! Ендігі менің басты өзіме қояр сауалым, елімді көркейту үшін нендей үлес қоса аламын. Осы сұрақ уақыт өткен сайын мені толғандырып келеді. Мен қазір Махамбет бабам атындағы университеттің III курс студентімін. Алға қойған мақсат, мұраттарым айқын. Қалтамда қаражатым емес, жасымаған жігерім, тасқындаған күшім, жақсылықты қалайтын жүрегім бар. Дәл қазіргі уақытта мен үшін ең басты міндет - оқуымды жақсы оқып, сапалы білім алу. Тек білікті маман ғана, еліміздің саяси-экономикалық бағытын өзгертуге ат салыса алады. Бұл үлкен жауапкершілікті талап етеді. Елімнің патриот жасы ретінде менің үлесім өзенге тамызған тамшыдай. Өз

өлкемді көркейту, жасылдандыру бағытында атқарылатын «Жасыл ел» бағдарламасына сүбелі үлесімді үш жыл бойы қосып келемін. Бұл жұмыс мен үшін ауыр емес, себебі, елімнің әрбір тасын, қырмызы гүлін, бойшаң теректерін шын көңілмен жақсы көремін. Еңбек ете жүріп қуанасың, жаның жадырайды, сен отырғызған теректер бірнеше жылда күнмен таласа өсіп, шаршаған жанға медеу, демалыс орны, ал жайқалған гүлдер көз қуаныш болады. Бұл жұмыс жан рахаты! Бұған қоса саяси позициямызды айқын жеткізу үшін, ой алмасу үшін ұйымдастырылған түрлі конференциялардың да бел ортасындамын. Жаңа толқын жастардың пікірлерімен санасатын ұйымдар, жиылыстар жаңа серпін, жаңа рух сыйлайды. Абай атамыз айтқандай, «кірпіш болып қалануына» негіз болады. Өзін-өзі жетілдірудің ең басты жетекші күші - ғылыми жұмыстармен шұғылдану. Бұл бағытта да азды-көпті қалам тербеп жүрмін.

Қазақ ғылымы, соның ішінде қазақ тілі бағыты бұрыннан зерттеліп, жаңалықтармен толығып келеді. «Ғылым шыңының қырандарынан» мен тәрізді шәкіртке үйренетін нәрсе өте көп. Бүгін-ертең жаңалық ашып, айды аспанға шығарамын деп айта алмаймын, бірақ, жастық жігерім, таудай талабым бар да, әлі де болса зерттеуді қажет ететін тың тақырыптарды тауып, зерделеп, жаһұт-маржандарын жарыққа шығаруға сеп болсам деймін. Өзірге бұл талпыныстарым қолдау тауып, жұмыстарым түрлі аталымдарда жүлдеге ие болып жүр. Қазақ поэзиясын, соның ішінде сыншыл Абайды, сыршыл Мұқағалиды, жігері жасын Қадырдың өлеңдерін жастанып жатқа оқып өсіп келе жатқан ұрпақпын мен. Қазақ өлеңі-төз басындағы гауһардай ең асыл қазынамыз, мәңгілік мұрамыз. Бұл бағытта мәнерлеп оқу сайыстарының облыстық, республикалық жеңімпаздар қатарына кіремін.

Ендігі ретте елімнің көркеюіне, гүлденіп, жаңаруына білек түріп кіріспекпің. Нұрлы болашаққа деген сенімім көміл. Құшағыңды айқара аш күллі адамзат, ұрандатып, асқақтатып қазақ баласы

■ Көшбасшы студент

Жарайсың, Жанерке!



Еңселі елдің тізгіншісі Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың: «Жастар – елдің болашағы. Ертеңгі күннің жарқындығы, сәулелі болуы соларға байланысты. Аға ұрпақ өмірден озады. Олардың орнын бүгінгі Тәуелсіздік белбалалары басатын болады» деген көлемді Жолдауынан үздікті жолдарын саралайтын болсақ, қоғамдағы белсенділігімізді арттыру керектігін ұғынамыз. Мемлекеттің маңыздылығын арттыра түсу үшін де ауызбіршілігі мен ақылы

жарасқан жастардың қоғамға тигізер қуатты ықпалы болуы қажет. Тұтқиылдан туындайтын ауыртпалық пен елге салмақ салар жағдайларға қарсы тұратын белсенділігі жоғары студент-жастардың қатары көбейіп келе жатырғанына көпшілік куә. БҚМУ – елжанды ұл-қыздарға ие бағы бар оқу орны деп есептеймін. Қоғамдағы жұмыстарға қарқынды үлес қосып жүрген студенттердің өзі бір төбе. Университет мақтанштарының қатарына кіретін, белсенді студенттердің бірегейі – Тапаева Жанерке Тауылбайқызы. Қажырлы еңбегінің арқасында шыққан шыңдарынан өзге арқалап жүрген қызметтерінің өзі талайды таңқалдырады. Қайсар қыз - 2013-2014 ж.ж. жасыл ел «Аманат» жасағы командирінің орынбасары, 2011-2012 ж.ж. «Жасыл ел» жасағының жауынгері, 2012-2013 ж.ж. жасыл ел «Томирис» жасағының командирі, орыс филологиясы бөлімінің студенттік деканы, қызметтерін атқарып, БҚМУ-дың №1 жатақхана кеңесінің төрайымы, облыстық «Жасыл ел» штабының менеджері. Бүгінде зор жауапкершілікті мойнына арқалаған бойжеткеннің бағындырған белестері де аз емес. 2013-2014 ж.ж. облыстық жасыл ел жастар еңбек жасағының III еңбек маусымында облысымызды көркейту ісіндегі адал әрі нәтижелі еңбегі үшін «Үздік пиар-менеджер» номинациясы иегері, 2013 жылы М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің ректоратының ұйымдастыруымен «Халықаралық студенттер күні» мерекесіне орай университеттің қоғамдық өмірінде жоғары белсенділік қабілетімен танылып, көшбасшылардың қатарында болғаны үшін «Үздік ұйымдастырушы» номинациясы иегері, 2012-2013 ж.ж. облыстық жасыл ел жастар еңбек жасағының «Үздік командир» номинациясы иегері атанса, ҚР-ның Тұңғыш Президенті күніне орай жоғары және арнаулы оқу орындарының студенттері арасында өткізілген облыстық пікір-сайыс турнирінде үлгілі ойын көрсетіп, ерекше белсенділік танытқаны үшін алғыс хат иегері, ҚР Тәуелсіздігінің 20 жылдығына орай Батыс Қазақстан облыстық ішкі саясат басқармасының қолдауымен Батыс Қазақстан Гуманитарлық академиясының студенттерінің бірлестігі «Дәуір» жастар қоғамдық бірлестігі ұйымдастырып отырған «Тәуелсіздік және жастар» атты аймақтық ғылыми-тәжірибелік конференциясына белсенді қатысқаны үшін құрмет грамотасының иегері, ҚР-ның Тұңғыш Президенті күніне орай өткізілген «Ел бірлігі – тәуелсіздік тұғыры» атты облыстық пікір-сайыс турнирінде үлгілі ойын көрсетіп, шешендік өнерін танытқаны үшін «ТОМИРИС» командасы алғыс хат иегері, ҚР Тәуелсіздігінің 20 – жылдығына арналған М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің студенттері арасында волейбол спартакиадасында үздік ойыншы номинациясы бойынша диплом иегері, Жастар арасында ұлттық ойындарды жандандыру, асық ойынын кеңінен тарату мақсатында ұйымдастырылған асық ату жарысына белсене қатысып, жүлделі II орынмен қанжығасын майлаған. Сонымен қатар, Астана қаласында оздырылған республикалық «Жасыл ел» жастар еңбек жасағының Республикалық слеті мен Алматы қаласында өткізілген республикалық «Қазақстан Республикасы Ұлттық студенттер одағы» қоғамдық бірлестігінің М.Өтемісов атындағы БҚМУ көшбасшысы, ҚР Ұлттық студенттер одағының I құрылтай жиналысының қатысушысы және де республикалық, облыстық деңгейдегі бірқатар сертификаттар табысталған. Пысық қыз жуырда атаулы жетістігімен қуантты. «Жасыл ел» штабы ұйымдастырған республикалық жарыстан «Үздік сарбаз» номинациясымен жеңімпаз атанды. Астана қаласынан олжалы оралған студент бойжеткенге университет басшылығы, алғыс білдірді. Жанеркенің БҚМУ-ына айтар «сүйіншісі» мұнымен толастамасына сенім мол. Ептілік пен табандылық, тектілік пен әралуандылық қасиеттерін көрсете білген көшбасшымыздың аса белсенділігі, ортасының алды болуы оқу ордасы үшін үлкен мақтанш. Қайрат пен жалынды жігерді бойына жиган Жанеркенің қанжығасына жетістіктер байлана беріп, күші сарқылмасын дейміз. Ендеше, кейінгі іні-сіңілілеріне үлгі болып жүрген «көшбасшымыздың» ізін басатын белсенді студенттеріміздің қатары көбейе бергей!

Мөлдір ЛАТИФОВА,
«ФҚТ» мамандығы, 02205-топ

келеді. «Ей, төкаппар дүние, Маған да бір қарашы. Танисың ба, сен мені, Мен – қазақтың баласы», - демей ме, қазақтың Қасым ақыны.

Ағуса РАҚЫМҒАЛИЕВА,
«ФҚТ» мамандығы, 02305-топ

«Патриот» (Patriot) жаршысының жауапты редакторы – Мөлдір Латифова («ФҚТ»), тілшісі - Хорлан Батырниязова («РЯЛШНЯО»)

«Күз ханзадасы мен ханшайымы» атты байқау

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің мәдениет және өнер факультетінде 2014 жылдың 24 қарашасында Халықаралық студенттер күніне орай «Күз ханзадасы мен ханшайымы» атты байқау ұйымдастырылды.

Бұл алтын күз байқауының мақсаты - қатысушы сайыскерлерімізді достыққа, ұйымшылдыққа шақыру және бос уақыттарын тиімді өткізу болатын. Сахна мәдениетін сақтап, өз өнерлерін көрсетуге баулу. Сонымен қатар мерекелік кешімізді тамашалауға келген көрермендерімізге көтеріңкі көңіл-күй сыйлау болатын. Бұл байқау сайыс түрінде өткізілді. Байқауға қатысушы сайыскерлер белсене қатысты. Әділ қазылар алқасында мәдениет және өнер факультет деканының орынбасары, МТЖ мамандығының Абуова Роза Суиеуғалиқызы, өнертану және мәдени тынығу кафедрасының аға оқытушы, магистрі Жұмағалиева Гүлжазира Еркеқызы, МТЖ мамандығының магистранты Серікқали Ақмарал Серікқалиқызы әділ бағалаған болатын. Бұл мерекелік кеш көрермендердің көңілінен шықты. Осы өткізілген байқауда қатысушы сайыскерлердің арасынан суырылып алға шығып, өздерінің қырағылықтарымен, өзгешеліктерімен, ерекше өнерлерімен көрермендерді таңқалдыра білген МТЖ мамандығының 1 курс студенттері Рахимов Оралхан мен Камелова Раушан «Күз ханзадасы мен ханшайымы» атағын жеңіп алды. МТЖ мамандығының 2 курс студенттері Қуанышева Айнакөз бен Кеңесов Мейрамбек өздерінің жарасымдылықтарымен «Жарасымды жұп» номинациясына ие болса, талғампаздылығымен көзге түскен МТЖ мамандығының 3 курс студенттері Базарбаев Бауыржан мен Еркемова Аякөз «Талғампаз жұп» атты номинациясымен марапатталды. Аталған сайыста белсенділік танытып ерекше көзге түскен дизайн мамандығының 1 курс студенттері «Белсенді жұп» номинациясына иеленді. Осы мерекелік кешімізге қатысушы сайыскерлерімізді аталған жеңістерімен құттықтаймыз!



Райгүл АМАНХОЖАЕВА, Гүлназ ТЛЕКБАЕВА,
МТЖ мамандығының 3 курс студенттері

Жастар әуені - 2014

2014 жылдың 21 қарашасында «Педагогика» факультетінде «Жастар әуені-2014» - атты студенттер арасында әндер байқауы өткізілді.



Байқаудың мақсаты - факультеттің дарынды жастар өкілдерін айқындау және қолдау, шығармашылық әлеуеттерін дамыту, студенттерді көркемдік өнерге баулу, студенттер ортасында қазіргі эстрадалық жанрды насихаттау, студент жастарды университетіміздің қоғамдық және мәдени өміріне баулу.

Байқау шарттары бойынша студенттер үш тілде қазақстандық, ресейлік, шетелдік әндері шырқаулары керек және де Ақұштап Бақтышерееваның өлеңдері мәнгерлеп оқылды. Сайыскерлерге сахнада өзін-өзі ұстауы, дауыс ырғағы, әртістік шеберлігі, орындалатын әнге байланысты киім үлгісі қаралды. Байқау жеңімпаздары әділ қазылар алқасы және тәуелсіз сарапшылар арасындағы келісім бойынша анықталды. Балдық жүйемен бағаланды, ең кіші ұпай саны 10, ең үлкен балдық жүйе 50 ұпай.

Байқауға қатысушылар: Бисалиева Гүлсара - 06104 топ, Сейтқалиева Айгерім - 06301 топ, Рысқалиева Эльвира - 06108 топ, Алимбаева Жанат - 06102 топ, Сейтімбетова Алтын - 06105 топ, Боранбаева Гүлдерайым - 06103 топ, Хасанова Аида - 06101 топ, Жетписова Ұлдана - 06104 топ, Қуаныш Айдана - 06102 топ.

Әділқазы алқасының шешіміне сай ән номинациясы бойынша I орын Орынғалиева Дана, II орын Сейтқалиева Айгерім, III орын Рысқалиева Эльвираға бұйырды. Ақұштап Бақтышерееваның өлеңдерін оқу бойынша I орынды Қуаныш Айдана, II орынды Сейтімбетова Алтын, III орынды Жетписова Ұлдана місе тұтты. «Жастар әуені - 2014» атты ән байқауында «Үйлесімді дауыс» Жанұзақ Ақтоты, «Күміс көмей әнші» Бисалиева Гүлсара, «Көрермендер көзайымы Боранбаева Гүлдерайым, «Жас ақын» Хасанова Аида, Сапарғалиева Айдана «Ең әдемі киім үлгісі» атты номинацияларға ие болды.

Айгерім АМАНГЕЛЬДИ,

Н.Ө.Назарбаев атындағы атаулы шәкіртақы иегері,

«Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының 4 курс студенті

Қазақстан Республикасының елордасы – Астана қаласында қараша айының 3-8 аралығында он жетінші мәрте Халықаралық «Шабьт» шығармашыл жастар фестивалі болып өтті. Ең алғаш рет аталмыш шара 1998 жылы Елбасымыз Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың бастамасымен ұйымдастырылған еді. Биылғы байқау «Классикалық музыка», «Бейнелеу өнері» (живопись және графика), «Ұлттық музыка», «Камералық хор», «Ең үздік әдеби шығарма» және «Хореография» номинациялары бойынша өтті. Байқау жеңімпаздарын қазақстандық және шетелдік өнер адамдарынан құрылған әділқазылар алқасы іріктеді.

«Шабьт» XVII Халықаралық өнерлі жастардың фестивалі



Облыс атынан «Бейнелеу өнері» номинациясы бойынша Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің «Бейнелеу өнері және сызу» мамандығының түлектері, 6M042100 - «Дизайн» мамандығының 2-курс магистранты А.Б.Абдешев қатысты. Аталған номинация бойынша байқау Тәуелсіздік сарайында өтті. Бұл жерде фестиваль аясында өткен ұлттық болмысымыз бен тұрмысымыздан сыр шертер, живопись пен графика өнерін дәріптеуге тырысқан көрме байқаудың көркіне айналды. «Бейнелеу өнері» аталымы бойынша әділқазылар алқасының құрамында шығармашыл тұлғалар: Тәуелсіздік сарайының директоры, әділқазылар алқасының төрайымы Асель Умиршина; Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Татарстан Республикасының халық суретшісі Камиль Муллашев; мүсінші, Астана қаласының суретшілер Одағының төрағасы Тоқтар Еркеков; өнертанушы Лариса Золотарева жас суретшілер туындылары жайлы өз пікірлерін айтты. Фестивальдің алғашқы күнінде жұмыстарды сұрыптау туры өтті. Қорытындысы бойынша Республикамыздың әр түрлі өңірлерінен (Астана, Алматы, Ақтөбе, Орал, Көкшетау, Қарағанды, Қостанай, Қызылорда, Маңғыстау, Тараз, Теміртау,

Шымкент, Павлодар, Петропавл т.б.), Ресей мен Ауғанстаннан келген 181 үміткердің 50 ғана іріктеуден өтті.

Әділқазылар алқасының шешімімен «Бейнелеу өнері» номинациясы бойынша Бас жүлдені көкшетаулық Хугаева Лолитаның шығармасы – «Замандас портреті» жеңіп алса, 1,2,3-орындарды тиісінше Алматы мен Астана қаласының талант иелері иеленді. Батыс Қазақстаннан М.Өтемісов атындағы БҚМУ-дың магистранты Асқат Абдешев («Дәстүр» туындысымен) дипломмен марапатталып, «Халықаралық фестивальдің Дипломанты» атанды.

Өнер мәңгілік. Өнер адамға қанат бітіреді. Өнер тазалыққа, пәктікке үйретеді, жаныңды жадыратады, көңіліңді көтереді. Бұл шындығында ұлттаралық қатынас тілі. Кәсіби деңгейін арттыру мақсатында және өзге аймақтардың өнер туындыларын тамашалап, шығармашылық шабыттарын шарықтату үшін әсем қала Астанада болған жас суретшілер үлкен әсер алды. Себебі «Шабьттың» арқасында көптеген жастардың жігері жанып, жарқын таланттары танылып жатыр емес пе?! Осындай байқауларға қатысуға әр кез қолдау көрсетіп отырған ұжымымыздың басшысы Иманғалиев Асхат Сәлімұлына деген алғысымыз шексіз. Бұл байқауға қатысудың өзі ерекше жетістік деп есептеймін.

«Шабьт» фестивалі еліміздің түпкір-түпкіріндегі және шет елдің жас таланттар мен өнер иелерінің басын біріктіріп, олардың үкілі үмітіне дем беретін байқау. Алдағы уақытта да осы Халықаралық «Шабьт» шығармашыл жастар фестиваліне қатысып, университет студенттері мен магистранттары облысымыздың намысын қорғайды деген үміттеміз!

Нұрдаулет ХАБАДАШЕВ,

М.Өтемісов атындағы БҚМУ магистранты

Халықаралық студенттер күніне орай

18-қарашасы күні «Мәдени-тынығу жұмысы» мамандығы арасында «МТЖ көшбасшысы» атты зияткерлік сайыс өткізілген болатын. Аталмыш сайысқа 1, 2, 3, 4 курс студенттері танымдық қабілетін арттыру мақсатында қатысқан болатын.

Зияткерлік сайыс барысы «Бәйге», «Жорға», «Дода» атты 3 айналым бойынша оздырылды. Бұл сайысқа бес топ қатысып, бірінші және екінші айналымда жоғарғы ұпай жинаған үш топ 3-ші айналымға сәтті өтті. Сайыста әділ бағасын берген Мәдениет және өнер факультет деканының орынбасары Абуова Роза Суиеуғалиқызы, Өнертану және мәдени-тынығу кафедрасының аға оқытушысы, магистр Жұмағалиева Гүлжазира Еркеқызы, Абуова Альмира Суиеуғалиқызы. Өз мамандықтарын жетік меңгеріп, алған білімдерін дәлелдей білген «Мәдени-тынығу жұмысы» мамандығының 3-курс студенттері Ғабдраш Мәншүк пен Раушанова Гүлжанар «МТЖ көшбасшысы» атағын иеленді. «Білімділер өз биігін бағындыра отырып, ұмтылған ұтады, талпынған табысқа жетеді» дегендей өздерін биік дәрежеде көрсете білген, тапқырлығымен, алғырлығымен көзге түскен топтар арнайы алғыс хаттармен марапатталды. «Ойында жеңілгеніңізбен өмірде жеңілмеңіздер» дей келе, жеңісті күндеріңіз жалғаса берсін деп тілейміз.



Әйгерім ЛЕСБАЕВА,

«Мәдени-тынығу жұмысы» мамандығының, 3 курс студенті

ҚОЛЖАЗБАЛАР АВТОРЛАРЫНА КЕРІ ҚАЙТАРЫЛМАЙДЫ. ДЕРЕКТЕРДІҢ ДӘЛДІГІ ҮШІН АВТОР ЖАУАПТЫ. ЖАРИЯЛАНЫМ АВТОРЛАРЫНЫҢ ПІКІРЛЕРІ РЕДАКЦИЯ КӨЗҚАРАСЫН БІЛДІРМЕЙДІ.

МЕНШІК ИЕСІ:

М.Өтемісов атындағы

Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті.

Газет айына бір рет шығады.

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде 14.06.1995ж. тіркеліп, тіркеу туралы нөмірі №11390-Г куәлігі берілген.

ҚР Байланыс және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінің келісімімен мерзімді баспасөз басылымдарын және (немесе) ақпарат агенттіктерін 10.12.2012ж. қайта есепке алу туралы №13213-Г куәлігі берілген.

Индексі 090006. Таралымы 2000

РЕДАКТОР:

Марта Орынбасаровна ДЖУМАГАЛИЕВА

ТІЛШІЛЕР:

Гүлфани ЕРСАЙЫНОВА,
Мәдина ҚОЙШЫҒАРАЕВА

БЕТ ҚҰРУШЫ & ДИЗАЙН:

Асель АБДУЛЛИНА

ФОТОСУРЕТ:

Рафхат ХАЛЕЛОВ, Оқу теледидары және графикалық жобалау зертханасы

Газет Редакциялық баспа орталығында теріліп, беттелді. «Полиграфсервис» ЖШС баспаханасында басылды.